



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 18 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №7 (23 329)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

ӘЛЕУМЕТ

Құрылыс кодексі талқыда

Мәжіліс «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына қорытынды әзірледі. Заң жобасының негізгі мақсатын Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов түсіндірді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Құрылыс кодексінің жобасы және оған ілесіп заң жобасы Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру үшін әзірленді. Жаңа Құрылыс кодексі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жүйелі механизмді белгілеуге, құрылыс процесінің барлық кезеңін онлайн режимде бақылауға мүмкіндік беретін eQuylyс ақпараттық жүйесін енгізуге, құрылыс саласындағы рұқсаттардың бірыңғай тізілімін бекітуге, сәулет, құрылыс қы-



зметіне қоғамдық бақылауды енгізуге бағытталған. Сондай-ақ, заң жобасында құрылыс сапасын арттыру, құрылыс объектілерін пайдаланудың кепілдік мерзімін 2 жылдан 5 жылға ұлғайту қарастырылған, – деді Нұртай Сабильянов. Депутаттың айтуынша, Құрылыс кодексінің жобасы 205 баптан тұрады. Ілесіп заң жобасы 4 кодекске, қолданыстағы 13 заңға өзгерістер енгізуді көздейді. Осыған орай комитет заң жобаларын жұмысқа алып, қорытындылар әзірлеуге дайын.

БРИФИНГ

Ауылға барар дәрігерге – 8,5 млн теңге

Медициналық мамандардың тапшылығын шешу мақсатында биыл ауылдарға баратын дәрігерлерге 8,5 млн. теңгеге дейін әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Аймақ басшысының бастамасын облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысының айтуынша, дәрігер тапшылығын жоюда мақсатты шаралар қолға алынған. Кадрлық стратегия мәселесіне бытыр толық талдау жасалды. Аймақтағы медициналық қызметкерлер саны, олардың мамандықтары, қажетті мамандар, инфрақұрылымның жай-күйі, Қарағанды медицина университетіне жыл сайын түсетін түлектер саны да зерттелді. Бүгінде облыста 5 168 дәрігер және 10 мыңнан астам орта медициналық маман жұмыс істейді. 162 маманға қажеттілік бар. Ол Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай сияқты қалаларда басым. Акушер-гинекологтар, анестезиологтар, неонатологтар мен педиатрлар, офтальмолог және басқа бей-

Қабілетсіз бала жоқ

Инклюзивті білімнің айналасындағы мәселе таусылған жоқ. Әлі де инклюзия сыныбы пен арнайы оқытатын орталық іздеген ата-ана көп. Баланың тілін шығаруға көмектесетін логопедке де сұраныс артты. Психологиялық дамуы тежелген, тілінде кемістігі бар әрі бүгін жаттағанын ертең ұмытып қалатын балалар күн санап көбейде. Бұл логопедпен қатар, психолог, дефектологтердің аса қажет екенін алға тартады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

17 арнайы ұйым жұмыс істейді
Облыста ерекше білімге мұқтаж 14 870 адам бар. Оның 2 275-і – мүгедек бала. Сандық деректің жыл санап артуы көңіл көншітпейді. Сондықтан, облыс мамандары мүмкіндігі шектеулі балалар үшін психо-педагогикалық қолдау көрсетуді білім берудің ең маңызды міндет деп біледі. Осы орайда инклюзивті білімді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Жол картасын әзірледі. Қазіргі таңда аймақта 55% балабақша, 81% мектеп және 70% колледжде инклюзивті білім беруге жағдай бар.

– Облыста ерекше балалар үшін 17 арнайы ұйым жұмыс істейді. Өткен жылы Саран қаласында түзету кабинеті ашылды. Тағы осындай кабинетті Қарағандыда ашу жұмысы жүргізілуде. Оқу жылының басында Қарағанды, Саран, Теміртау қаласында арнайы мектеп-интернаттарында ақыл-ойы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін қосымша 5 сынып ашылды, сондай-ақ, Теміртауда ақыл-ойы бұзылған балалар үшін қосымша 2 топ

ашылды, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова. 2025 жылға дейін Балқаш, Қарағанды қаласы, Бұқар жырау ауданында тағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылмақ. Жалпы, облыста ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған 10 арнайы мектеп-интернат жұмыс істеп тұр.

«Баланы бір-бірінен оқшаулауға болмайды»
10 интернаттың алғашқысы – 2012 жылы пилоттық жоба ретінде танылған Қарағандыдағы № 27 мектеп. Онда оқушылармен қатар ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытатын сыныптар ашылған. Бүгінде бұл оқу орны арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық орталығына айналды. – Әр баламен жеке жұмыс істедік. Баланың ішкі әлеміне кіре алсаңыз, бірлескен жетістік болады. Ерекше диагнозы бар түлектеріміз университетті аяқтады, – дейді «Баршаға арналған мектеп» моделінің авторы Клара Даулабаева. Облыстағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтының бұрынғы ректоры

Сәбит Қонтаев та АҚШ грантын жеңіп алып, американдық мектептердің инклюзивті оқыту жүйесімен танысып келген. – Инклюзияның мәні – қоғамдағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы әлеуметтендіру. Қағидат – «әр түрлі – тең». Балаларды бір-бірінен оқшаулауға болмайды, – дейді Сәбит Қонтаев. Мамандар тәжірибесі ерекше баланы қоғамнан алыстауға болмайтынын байқатты. Олар тәжірибе енгізуде балаларға «жеке тұлға» ретінде қарайды.

Ерекше бала «ерекше қабілетке» ие
Қарағандылық логопед Айгүл Темірқызының айтуынша, көпшілік аналар балалары сөйлемей қалса, бірден инклюзивті орталық іздейді. Ол – қате. – Баланың денсаулығына қатысты көп мәселе ата-анаға келіп тіреледі. Денсаулық үшін дұрыс шешім қабылдауға асығатын аналар қандай тиімді ұсыныс болса да келісуге бейім. Ата-ана өзіне және баласына сенуі керек.

► 3-бет

ЭНЕРГЕТИКА

Шекті тариф арзандайды

«Қарағанды Жарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты бірқатар тәртіп бұзушылық жайттары анықталғаннан кейін абоненттер үшін киловатт құнын төмендетуге міндеттелді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындар көрсетілген қызмет үшін атаулы айырманы жаңа түбіртектерден байқайтын болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің өкілдері мәлімдеді. Еске салайық, бекітілген инвестициялық бағдарламаның, әрі 2022 жылғы тарифтік кестенің орындалуына қатысты жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша «Қарағанды Жарық» ЖШС, атап айтқанда, электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге салалық департамент көрсетілген қызметтер көлемінің 3,26 пайызға ұлғайғаны анықталды. Осы жайттан кейін табиғи монополиялар туралы заңнамаға сүйене отырып, электр энергиясын тарату жөніндегі қызметтерге төленетін тариф бағанын 438 миллион теңге сомасына төмендетуге бастамашылық жасалды. Бұл ретте төлем бағамы қосымша құн салығынсыз кВт/сағаты үшін 9,01 теңгеден 8,87 теңгеге дейін төмендеді. Бұл шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.





Электр желілері жаңартылады

Теміртау қаласындағы ескі қала мен оң жағалау тұрғындары электр желілеріне шағым түсірген болатын. 1950 жылдары тартылған желілер тозған. Осы кезге дейін ауыстырылмағандықтан, жарамсыз бола бастаған. Осы түйткілді мәселені шешу үшін биыл жаңа электр желілері салынбақ.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау шаһарына жасаған жұмыс сапарында жылыту маусымының өтуін тексерді.

Бұдан бөлек, аймақ басшысына «Qazmet» ЖЭО-2 және ҚарМА-ЭС-1 компаниясындағы жағдай туралы баяндалды.

ЖЭО-2 жылы бес қазандықтың көмегімен өндіріліп жатыр, алтыншысы – резервте. Үш турбина жұмыс істеп тұр. Температуралық кесте сақталуда. Көмір мен мазут қоры жеткілікті.

Жалпы, биылғы жылыту маусымы өткен қыс мезгіліне қарағанда әлдеқайда тұрақты. Температуралық кестені ЖЭО-2 және ҚарМАЭС-1 сәйкесінше сақтап отырғанын айта кеткен жөн. ҚарМАЭС бойынша сұрақтар болды. Алайда, олар шешімін тауып жатыр. Ескі қала мен оң жағалау тұрғындарының энергиямен жабдықтауды тұрақтандыру үшін ша-

құрылыс-монтаж жұмыстары бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, – деп атап өтті Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қыдырбеков.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



рлар қабылданды. Өткен жылдан бастап, жаңа желілер құрылысын жобалау басталып та кетті. Жобаны биыл іске асырамыз,

Ескірген желінің пайдалануға жарамсыз болуынан бөлек, адам өміріне де қауіпті. Сондықтан, тұрғындар бастаманың жылдам

жүзеге асқанын қалайды.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ұлт мәдениеті отбасынан

Бұрынғы тәрбиемен бүгінгі салыстыруға келмейді. Мәдениет пен руханият, адамгершілік, мейірім таразыға түскен жаһандану кезеңінде жаңа көзқарас ұстанатындар көп. Адами құндылықтар арқылы бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыруды мақсат еткен «Сенімен Болашақ» бірлестігінің құрылғанына биыл үш жыл.

зақстанның өңірлерінде әлеуметтік зерттеу жүргізген. Сауалнамаға 32 755 адам қатысты. Басым көпшілігі – 13 пен 17 жас аралығындағы балалар және 33 пен 55 жас аралығындағы ата-аналар.



ыңға тәуелділермен де күреседі. Осылайша суицидтің алдын алады. Сарапшылар мен психологтар өзіне қол жұмсауға жақын адамдарды қолдау үшін ақысыз

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде еліміздің 16 өңірінде филиал бар бірлестік тұтас ата-аналар қауымдастығына топтасып, ортақ мақсатқа қол жеткізуде. Еліміз бойынша түрлі салаларда 250-ден астам сарапшы көмектесіп, қолдау көрсетуде.

Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі, жаһандану кезеңі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесі, ата-ананың отбасындағы берген өнегесі арқылы ұрпақты рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру кезек күттірмейді. Қызметте әрбір ата-ана өзін баласының қауіпсіздігі мен амандығына сенімді сезінетін қоғамдық қатынастарды ұстануда тырысамыз және оларды қалыптастырудың айқын көзқарасын басшылыққа аламыз. Мұндай қарым-қатына-



ста азаматтық жауапкершілік пен ата-ананың парасатты ой-санасы жатыр, – дейді бірлестік төрағасы Жансая Бердімұрат.

Өткен жылы бірлестік Қа-

– Зерттеу арқылы ата-ана келбетін үш тұрғыда сараладық: саналы ата-ана болу құзыреті, баламен уақыт өткізу сапасы, саналы бала тәрбиелеу және оның өміріне қатысу. Елдік сипаттағы бұл зерттеу жыл сайын жүргізіледі. Жемісті әрекет ету үшін өзекті белестер мен міндеттер қоямыз, – дейді Жансая Бердімұрат.

Қазіргі таңда ұйым 10 бағытта жұмыс істеуде. Атап айтсақ, репродуктивті денсаулық, буллинг пен кибербуллингке қарсы тұру және мектеп пен ата-аналар арасындағы тиімді ынтымақтастық. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және отбасын сақтау және ажырасудың алдын алу да қарастырылған. Бірлестік мамандары оған қоса, құмар ой-

негізде онлайн және офлайн кеңес береді.

Жастарды отбасылық өмірге дайындауда «рухани ана, рухани әке» институтын қалыптастыру – басты міндет. Отбасының жалпы күллі адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін ештеңе алмастырмайды. Саналы ата-ана саналы ұрпақ өсіреді. Сондай-ақ, ұстаз бен мектепке, білім беру ұйымдарына кінә артпай, білім беру жүйесіне үйдегі тәрбие арқылы көмектесу қажет. Ортақ нәтижеге оңай жетуіге болады. Отбасы мәдениетінен ұлт мәдениеті қалыптаспақ, – дейді «Сенімен Болашақ» бірлестігі аймақтық кеңесінің төрағасы Индира Токмурина.

Сурет ұйымдастырушылардікі

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа дүкен жұртшылық үшін

Ақтағай ауданы әкімі Руслан Кеңебековтің бастамасымен өңірде әлеуметтік дүкендердің саны артып келеді. Негізгі міндет – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және төмен бағадағы азық-түлікті қолжетімді ету. Жақында осы мақсатта аудан орталығынан «Мөлдір Әлем» азық-түлік дүкені салтанатты түрде ашылды.

Нүрлөз КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа дүкеннің ашылуына аудан басшысы Руслан Кеңебеков арнайы қатысып, құттықтау сөзін жеткізді.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру – халық қамы. Осы ретте мұндай дүкендердің сенімді мол. Тұрғындардың қалтасын қақпай, тұрмысын түзеуге мүмкіндік береді. Бұл азық-түлік дүкенінің

ерекшелігі – халық күнделікті бірінші кезекте тұтынатын азық-түлік өнімдерін төмен әрі белгіленген бағада сатып алады. Дүкеннің төріндегі сөреде тұрған азық-түліктер, расымен, әлдеқайда арзан. Халық игілігіне жарасым. Алдағы уақытта осындай дүкендер көптеп ашылса, қарапайым халықтың тұрмыс жағдайы жақсаратыны сөзсіз, – дейді Руслан Айтыққұлы.

Айта кетейік, «Мөлдір Әлем» атты азық-түлік дүкенінің иесі



жеке кәсіпкер Баян Исақова бағаны тұрақтандыру аясында «Айналым схемасы» тетігін іске асыру үшін «Сарыарқа ӘКК» АҚ

арқылы қаражат алып отыр. Бұл бағытта жұмыстар жалғасын табатын болады.

Ақтағай ауданы

ҚАРЖЫ-ҚАРАЖАТ

2023 ЖЫЛҒЫ камералдық бақылау қорытындысы

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2023 жылы жалпы сомасы 722,42 млрд. теңгені құрайтын 31 383 мемлекеттік сатып алу лоттары қаралуға жатты, оның ішінде 692,77 млрд. теңгеге 30 822 лот (қамту 98,2%) қаралған.

78,0 млрд. теңге сомасына 3 675 лот (11,9%) бойынша бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 3 586 лот бойынша (сомасы 77,50 млрд. теңге) хабарлама жолданды, хабарламалар толықтай орындалды.

Қазақстан Республикасы ӘҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігінде көзделген хабарламаларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін лауазымды тұлғаларға 126 хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға қатысты ҚР ӘҚБТК-нің 207-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы 54 хаттама толтырылды.

Бұзушылықтардың негізгі түрлері техникалық ерекшеліктерді қазақ тілінде орналастырмау, әлеуетті өнім берушілердің

өнімдерін заңсыз қабылдау немесе қабылдау, баға ұсыныстарын сұрату арқылы мемлекеттік сатып алу кезінде біліктілік талаптарын (материалдық және еңбек ресурстары біліктілік талаптарын қою), тауар таңбаларын көрсету болып қала береді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының ережелерін сақтамай тікелей шарт жасасу, яғни, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік емес тәсілмен сатып алу, сондай-ақ, конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына алдын ала талқылау хаттамасында тиісті ескертулер болған кезде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының Заңды бұза отырып, конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) бекітуі.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Құлшылық қауіпсіз болуы тиіс

Жыл сайын 19 қаңтарда православиелік христиандар «Крещение господне» мерекесін тойлайды. Облыс бойынша діни мейрамды өткізетін 16 орын анықталды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында тиісті ведомство мамандары арнайы бақылау жасайтын болады. Бұл жайлы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыстың дін істері басқармасы басшысы Жанболат Сектай мерекелеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары жөнінде жоғары бағаланып отыр.

Бұл күні бұқаралық суға түсу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстың дін істері басқармасы төтенше жағдайлар департаментімен бірігіп, арнайы шараларды бекітті. Суға түсу орындары анықталды. Егер, өтініш түсетін болса, олардың қатары артуы мүмкін. Біз өз тарапымыздан қауіпсіздік шараларының сақталуын қадағалайтын боламыз, – деді Жанболат Ахунұлы.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Мейрамбек Батырқұлов қазіргі уақытта мұз қалыңдығын өлшеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

Аталған діни мерекені өткізу департаменттің ерекше бақылауында тұр. Бүгінгі таңда облыс суқоймаларындағы мұздың қалыңдығы 30 см шамасында.

Бұл мұндай шараларды өткізуге қауіпсіз деңгей саналады. Суға түсетін орындарда судың қауіпсіздігі, адамның аз шоғырлануын қамтамасыз ететін полиция қызметкерлері, жедел құтқару отрядының құтқарушылары, жедел жәрдем қызметі мамандары, еріктілер болады, – деді Мейрамбек Батырқұлов. Бұл күні арнайы орындарда

төтенше жағдайлар департаментінің 73 маманы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қатысатын болады, сонымен бірге, 23 техника тартылады.

Сонымен қатар, спикер көпшілік суға түсуді қызық көріп, қауіпсіздік мәселесіне мән бермейтінін айтты.

Өкінішке қарай, халық қызық үшін түседі, қауіпке бойлай бермейді. Адамды мұз астындағы ағыс алып кетуі мүмкін. Жалпы, суға бірден түспеу керек. Оның алдында денені қытыртып, жаттығу жасап алған дұрыс. Одан кейін қажет болатын орамал, жылы киім, термоспен ыстық шай алып барғаны жөн. Суға түсу үшін 10-15 секунд жетеді. Суға секіруге, спирттік ішімдіктер ішіп түсуге болмайды. Сонымен бірге, белгіленген орындардан басқа жерлерге түсуге тыйым салынады, – деді спикер.

Қарағанды және Шахтинск епархиясы Қарағанды қаласы Введен кафедралық соборының протонерейі Ахия Рахимжанов негізгі құлшылық Құдайдың үйінде жасалғаны дұрыс деген ой білдірді.

Бұл діни салт бұрыннан бар. Бірақ, оны орындау міндет деп айтылмаған. Әр адам өз жағдайына, денсаулығына қарасын. Суық суға түскенде ағза стресс алады, бұл қалыпты физиологиялық жағдай, оны Құдайдың әрекетіне балауға келмейді. Құлшылық храмда жасалады, – деді Ахия Қуанышбайұлы.

Қабілетсіз бала жоқ



Сурет шық. лерекөзден

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мәселен, аутизм дергі ешқандай жоғалып кетпейді, оны ешқандай дәрі емдей алмайды. Оның бір ғана жолы – тұрақты ем алу, – дейді маман.

Оның айтуынша, кейде бала бір жаста 10-15 сөзді айта алатын қабілетке ие болады. 3-4 жастан асып кетсе де, тілі шықпайтындар бар. Оны баланың еркелігімен байланыстыру – дұрыс емес. Маманның айтуынша, бүгінгінің балалары қарапайым ет жеп, сүйек мүжүі керек. Сүйек мүжүгенде ауыз қуысының бұлшық еттері ширап, баланың артикуляциясы жаттығады, яғни, жақ сүйектері қимыл-қозғалысқа түседі.

Маман пікірінен түйгеніміз, инклюзия – ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға ерекше көңіл бөлінеуден туындайды. Дамуында ауытқуы бар балаларды жалпы мектептерде оқытуға аса дағын еместігіміз де инклюзивті білімді дамыта алмайтынымызды айқындап отыр.

Білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін арнайы қондырғылардың және оқу материалының болмауы, сонымен қатар, педгогтер үшін әдістемелік құралдың жеткіліксіздігі – мәселеге тоқталуды талап етеді.

Ауылда логопед жоқ па?

Ауылдық жерлерде инклюзивті бастауыш сыныптарда сабақ беретін (аты-жөнін жазбауды өтінді) мұғалімдердің басым көпшілігі кейбір оқушылардың бүгін айтқанды ертең ұмытып тұраты-

нын, сыныптан-сыныпқа көшуде кедергі келтіретін оқушылардың бар екенін айтады. Көбісінің алға тартқан мәселесі – психологиялық дамуы тежелген, тілінде кемістігі бар оқушылармен жұмыс істеудің қиындығы. Олар ерекше көңіл аударуды қажет ететіндіктен, осындай санаттағы балалармен психолог, логопед, дефектологтар жұмыс істеуі тиіс. Өкінішке орай, ауылдық жерлердегі мектептерде баланың тілін шығаруға көмектесетін логопед маман жоқтың қасы.

Логопед жайлы сұрағанымызда, басқарма мамандары балалар үшін мектеп педагогтерінің 7 818-і оқытылғанын айтты. Оның ішінде 6 712 педагог инклюзивті тәжірибеге тартылды. 155 пән мұғалімі «Дефектология» мамандығы бойынша қайта даярлау курстарында қайта оқытылған.

Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 607 педагог пен 60 ата-ана аутизм спектрі бұзылған балалармен жұмыс істеу үшін мінез-құлықты талдау әдістемесіне қатысқан.

«Ерекше балаға оқулықтар жетіспейді»

Басқарма дерегіне, 2023 жылы ерекше балаларға оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға 2 млрд. 24 млн. 292 мың теңге бөлінген. 4-6 сыныптар үшін зағип балаларға арналған Брайль шрифтімен бейімделген және 10-11 сыныптар үшін нашар көретін білім алушыларға арналған ірілендірілген шрифтпен оқулықтар алыныпты. Оған қоса, өткен

жазда алғаш рет ерекше білім беру қажеттіліктері бар 360 баланың жазғы демалысы арнайы мектеп-интернаттар базасындағы лагерлерде өткені белгілі.

– Жасыратыны жоқ, балам ауытқушылығы бар балалармен бір сыныпта білім алады. Ата-аналары ондай мектептерге жібергісі келмейтіні түсінікті. Ерекше балаларға қатардағы мектеп оқушыларымен тең дәрежеде білім алуына жағдай жасаған дұрыс. Баланы бір-бірінен бөліп-жарып, өзектен теппей, бауырға басу керек. Ерекше балаларға қоғам болып көмектескен дұрыс, – дейді №27 мектеп оқушысының анасы Гаухар Әлімжанқызы (аты-жөні өзгертілген).

Білім ошақтары оқушылардың тең дәрежеде білім алуын қолдағанмен, бала еміне қатысты көп мәселе ата-анаға келіп тіреледі.

– Қазіргі таңда елімізде ерекше баланы оңалту және түзету қызметінің құны – 200-350 мың теңге. Өкініштісі сол – ерекше баланың еміне мемлекет тарапынан ұзақмерзімді тегін немесе жеңілдігі бар көмек те қарастырылмаған, – дейді қарағандылық Самал есімді баланың анасы.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің меңгерушісі Зәуре Жангелдинованың айтуынша, елімізде аутизмге шалдыққан балалар саны 12 мыңнан асады. Алайда, ерекше балаларды анықтаудың ұйымдасқан жүйесі қалыптаспағандықтан, нақты сан бұдан бірнеше есе көп деген дерек бар.

• ҰБТ – 2024

Қаңтардағы ҰБТ басталды

10 ақпанға дейін жалғасатын тестілеуге қатысуға 136 мың адам өтініш берді.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы бірнеше жылда алғаш рет талапкерлер көп таңдайтын бейіндік пәндер комбинациясы өзгерді. Талапкерлердің 18%-ы – «Биология-Химия», 17%-ы – «Математика-Физика», 12%-ы – «Математика-Информатика» пәндерін таңдады. Сондай-ақ, олар өтініш беру барысында тестілеу күні, уақыты және орнын өздері белгіледі.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалды. Үшеуі міндетті және екеуі таңдау

тылығынан) – 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» – 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша – 40 тапсырма. Жоғары балл – 140.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталады.

Тест тапсырушыларға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш беруге мүмкіндік бар. Сертификат апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде қолжетімді.



Сурет шық. лерекөзден

бойынша. Алайда, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұратын болды. Атап өтсек, бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Осылайша, ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз. Жалпы сұрақ саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» – 20 тапсырма, «Оқу сауат-

Айта кеткен жөн, қаңтардағы ҰБТ-ға ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, жазғы ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамағандар, шығармашылық ББТ-дан басқа дайындық бағыттарына, педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер қатысуда. Сондай-ақ, мектеп бітіретін түлектерге де жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін тестілеуге қатысуға мүмкіндік берілді.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Автопарктегі ахуалы нешік?

Осыдан бірер жыл бұрын мамандар алдағы 5 жылда елімізде жолаушы тасымалдау саласы тоқырап қалуы мүмкін деп дабыл қаққан. Себебі, Қазақстандағы автобустар базасы әбден ескірген. Әсіресе, облыстағы жағдай, тіпті, ушығып тұр еді. Өңірдегі қоғамдық көліктер базасының жартысынан көбі тозды деген мәселе көтерілген. Арада екі жыл өтті. Жаңарту шараларының қандай деңгейде атқарылғанын көру үшін автопарктердің біріне бардық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

126 автобус жолға шықты

2022 жылы қаланың ішінде бірнеше автобус отқа оранып, дүрлікті. Ұзаққа қатынайтын қоғамдық көліктер де Арқаның қақаған қысына шыдас бермей, жолда қалдырған. Өйткені, ескі. Көбі 1980-1990 жылдары құрастырылған. Сол оқиғалардан кейін қарағандылықтар автобустардың техникалық жағдайына шағымдана бастады. Аймақ басшылығы да шаруаға білек сыбана кіріскен. Мәселен, бытыр қала бойынша 126 жаңа автобус сатып алынды. Басым бөлігі – Сараньның автобустары. Мамандардың сөзінше, өзімізде құрастырылған автобустардың сапасы көңіл көншітеді. Барлық стандарттарға сай.

№3 автопарк

№3 автопаркте жалпы саны 448 қоғамдық көлік бар. 2019 жылдан бері 225 жаңа автобус сатып алған. Яғни, базаның 50%-ы жаңартылған. Бұған дейінгі жаңарту 2013 жылы жүзеге асқан. Автопарк басшылығының сөзінше, бұрынғы автобустар шамамен алғанда 17 жылдан кейін ауыстырылып отырған. Қаржылық жағдайға байланысты дер кезінде алмастыруға мүмкіндік болмаған. Амалсыздан техниканы әбден тозығы жеткенге дейін пайдаланыпты. Қазіргі жағдай басқа.



Қанша жерден жаңа десек те, техникаға уақытылы күтім жасап тұрмаса болмайды. Автопаркте қоғамдық көліктердің техникалық жағдайын жақсартып отыратын 17 цех бар. Қозғалтқыштары үшін бөлек бөлім жасақталған. Негізгілердің бірі. Қозғалтқыш қораптар секілді басқа да маңызды бөлшектерге жауапты цехтар үздіксіз жұмыс істеп тұр. Май басқандарын химиялық қоспамен тазартады. Автобустың өн бойындағы электр қуатын тарататын сымдарға жауапты мамандар өз алдына бір цех. Автопарк бүлдіргіш «вандал» жолаушылар қиратқан орындықтар мен өзге де ұсақ-түйектерді қалпына келтіретін шеберлер бригадасымен қамтылған. Кірлеген орындықтар жабындысы мен өйнектердегі перделерді жуатын қызметкерлер де бекітілген кестемен қызмет атқарады.

Жүргізушілерге де тиісті жағдай жасалған. Қала арасында жолаушы тасымалдайтындарға жатақхана бар. Мұнда 26 орын бар. Таңғы, түскі, кешкі ас берілетін жеке асханасы жапсарласқан.



Автопаркте жылумен қамтамасыз ететін жеке пеш орнатылған. Пеш газбен жанады. Газ құрылғысы істен шыққанда қосалқы пеш іске қосылады. Қосалқысына сұйық отынды, яғни, дизельдің қалдығын пайдаланады.

Автопаркте жалпы саны 1058 адам жұмыс істейді. Оның 600-і – жүргізуші.

– 2017 жылға дейін қаржылық жағдайымыз ауыр болды. Автобустарымыз әбден ескіріп кеткенін бәріңіз білесіздер. Содан

кейін субсидия бөлініп, былыққан біраз шаруаны біртіндеп реттей бастадық. Жолақы қабылдау электрондық жүйеге ауыстырылды. Яғни, жүргізушілердің көлеңкелі табысын тыйып, кірісті толықтай бақылауға алдық. Бұл шаралар аймақ басшылығының қолдауымен атқарылды.

Жүргізушілердің де, басқа да жұмысшылардың да жалақысы бүгінде әжептәуір көтерілді. Еңбекақы – 300-400 мың теңгенің айналасында. Жұмыс орнындағы тазалық қатаң сақталды. «Өндірістегі мәдениет» принципін ұстанамыз, – деді №3 автопарктегі директоры Артур Григорян.

киіммен жүретін жұмыстарға әуес деп отыр.

– Табысы көп, бірақ, жұмысы оңай деген мамандық жоқ. Әрқайсының өз машақаты бар. Қиын болса да, жұмыстың аты – жұмыс. Бастысы – табыс табу, бала-шағаңды асырау. Қазіргі жастар бейнеттен қашатын секілді. Бізде қазір жалақы көбейген. Автобустар да жаңа. Бұрынғыдай жиі істен шықпайды. Бір сөзбен айтқанда, қажетті жағдай жасалған, – деді Артур Григорян.

Тариф пен нарық

Қала ішінде қатынау – 80 теңге. Онау қосымшасы арқылы төлесеніз ғана. Бұл тариф осыдан 10 жыл бұрын бекіген. Содан бері өзгеріссіз. Жолаушы тасымалдау саласының мамандары осы меже қазіргі нарыққа мүлде сәйкес келмейді деп отыр. Автобустарға жанартауға, соларды күтіп ұстауға, жалақы мөлшерін көбейтуге жеткіліксіз. Бүгінде автопарктер мемлекетке алақан жаюға мәжбүр. Өз табыстарымен күн көре алмайды. Қазақстан бойынша жол ақысы төмен қалалардың көшін Қарағанды бастап тұр. Автопарк басшылығы алдағы уақытта тарифті көтеруді жоспарлап отырғандарын

айтты. Қазір қала басшылығымен жан-жақты ақылдасып, жоспарды пысықтап жатыр екен.

– Жол ақысын оп-оңай көтере алмаймыз. Бірнеше кезеңнен өту шарт. Қымбаттаған күннің өзінде 120 теңгеден өріге бармаймыз. Өйткені, жол ақысы ең қымбат қала – Орал. Сол межеден асуға есте болмайды. Бүгінде автопарк басшыларымен келіссөздер жүргізіп, мәселені талқылаудамыз, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі секторының меңгерушісі Темірлан Талдыбаев.

Әлеуметтік желіде жолаушыларға деректік танытқан автобус жүргізушілері қызу талқыланып жатыр. Автопарк басшылығы мен әкімдік өкілі әдептен озғандарды жөнге салу үшін тиісті шаралар атқарылып жатқанын айтты. Автобустардың жеделі уақытынан кешігуі де назарылық тудырады. Бұған да бірнеше себеп бар. Жоғарыда айтылған жүргізушілердің жетіспеушілігі – басты себептердің бірі. Боранды күндері жолдардың уақытылы тазартылауы да қозғалысқа кедергі дейді жауаптылар.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Тіл абыройы баршаға ортақ

Мемлекеттік тіл саясаты – еліміздегі идеологиялық басым бағыттардың бірі. Оның ішінде барлық қазақстандықтардың басын біріктіруші фактор ретінде қазақ тілін ілгерілету – баршаға ортақ міндет екенін Мемлекет басшысы атап өткен болатын.

Өткен жылы Тіл саясатын іске асырудың заңнамалық негізі – 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама қабылданып, облыстық іс-қимыл жоспары бекітілді. Тұжырымдаманы іске асыру елдегі тілдік ахуалдың әлеуетін және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік саланы дамытуға қосқан үлесін арттыруға, өңірлік деңгейде өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді. Тұжырымдаманың Тіл үйрету әдістемесін жетілдіру бағытына сәйкес өңірде тілдерді оқыту мәселесі екі бағытта (ұзақ және қысқамерзімді оқыту курстары) жүзеге асырылуда. Бүгінде сандық технология, бәсекелестікке төтеп беру үшін білім саласына ақпараттық технология мүмкіндігін барынша кеңінен қолдану заман талабына айналған. Тілді оқытудың әдістемесін жетілдіру, оқытуды табысты жүзеге асыру мақсатында өткен жылы заман талабына сай веб-сайтпен QR-кодталған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенін және А1 деңгейінің оқулығын әзірлеу жұмысы басталып, бұл жұмыс 2025 жылы толық аяқталмақ.

Тілдік ортаға негізделген тіл саясатын жүргізу, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында тіл мәдениетін арттыру, жас дарындарды анықтау және оларға қолдау көрсету, қазақша контенттер қатарын көбейтуге атсалысу, отбасында мәдени мұраны сақтау және

насихаттау, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының сақталуын дәріптеу, бала тілінің қазақ тілінде жетілуіне ықпал ету мақсатында рухани-мәдени түрлі байқаулар, телехабарлар және этно-мәдени орталықтармен бірлескен бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Мысал ретінде, облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығын табыстау рәсімі, Қасым Аманжолов атындағы республикалық мүшәйра, «Тіл-қазақына» жобасының аясында өткізілетін «Қазақша қалай, балақай?» бейнероликтер топтамасы, «Бүлдіршінге жыр арна» байқауы, облыстық «Үлгілі Отбасы» байқауы, Абай атындағы көркемөз оқу шеберлерінің байқауы, үш тілді менгерген жастарға арналған «Тілдарын» облыстық байқауы, «Ойөріс» зияткерлік телеойыны, «Тіл-тұғырым» телехабарын атап өтуге болады.

Қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру бағытында «Бүлдіршінге жыр арна» байқауы дер кезінде қолға алынған сәтті жобалардың қатарынан орын алады. Екі номинация бойынша ұйымдастырылған байқауға балаларға арнап жазып жүрген ақындар мен жазушылар қатысып, жүлделі болған шығармалар электронды жинақ ретінде жарық көрді.

Жалпы, тіл мәдениетін көтеру, ғылыми контентті дамыту мәселелері өткен жылғы Ұлттық құрылтайда Мемлекет



басшысы тарапынан көтерілген болатын. Президент әртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде жастар арасында тіл тазалығын сақтау үшін оқу және жазу сауаттылығын арттыруға арналған шаралардың қажеттілігіне ерекше тоқталған еді. Осы ретте мемлекеттік қызметшілер үшін «Сөйлеу әдебі» тақырыбындағы тренингтер топтамасы қолға алынып, ҚР ІІМ Қарағанды облысының және Ұлытау облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мамандарына бірнеше рет өткізіліп, өз жемісін бере бастады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл мәдениетін көтеру мақсатында «БАҚ және тіл мәдениеті: тілдік нормалар» тақырыбында өткізілген облыстық семинарды сала мамандары әдістемелік көмек ретінде жылы қабылдады. Аталған іс-шаралар биылғы жылы одан әрі жалғасын таппақ.

Ұлттық терминология өркендемей,

ғылым тілінің өрісі кеңеймейді.

Жалпы, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі ролін күшейту мақсатында өткен жылдың қараша айында жоғары оқу орындары ғалымдарының қатысуымен «Мемлекеттік тілдің ролін күшейту және оның ғылым мен білім саласында қолдану аясын кеңейту» тақырыбында дәрістер топтамасының онкүндігі ұйымдастырылды. Дәрістердің соны Оксфордта дәріс оқыған тұңғыш қазақ ғалымы, «Ғасыр адамы» Темірғали Әбілдаұлы Көкетеаевтың «Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігінің» тұсаукесер рәсіміне ұласты.

Тіл саясатын жүзеге асыруда баса назар аударатын салалардың бірі – ономастика саласы. «Жерінің аты – елінің хаты» деген сөз бекер айтылмаса керек. Өткен жылы республика бойынша әзірленген «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елдімекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған жол картасы» негізінде облыс бойынша былтыр – 8 елдімекен, 97 құрамдас бөлік атауы өзгертіліп, республикалық ономастика комиссиясына 18 білім беру мекемелеріне атау беру туралы ұсыныстар жолданды.

Сонымен қатар, атауы ескірген елдімекендердің тарихи атауын қайтару бағытында топонимдік зерттеулерді жүзеге асыру – бүгінгі күннің талабы. Осы мақсатта облыс құрамындағы елдімекендердің ономастикалық анықтамалығын жасау биылғы жылы жоспарымызда бар. Бұл жобаның 2GIS, Яндекс карта, т.б. мекенжайлық цифрландыру және архив саласына қосар маңызы зор.

Қызмет көрсету саласында, оның ішінде, көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың рәсімделуінде түрлі тілдік

кемшіліктер орын алып отыр. Сол себептен де мұндай қателестерді жою, алдын алу бағытында «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы бойынша қоғам белсенділері, тіл жанашырлары тартылған жұмыс бүгінгі күні де жалғасын табууда.

Жоба шеңберінде өткізілетін барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерде, облыстық, жергілікті БАҚ және интернет ресурстарда жариялануда. Жарнама туралы заңнама талаптары туралы және тұтынушыларға арналған ақпараттар қамтылған мемлекеттік және орыс тілдерінде 1 минуттық 2 ақпараттық бейнеролик дайындалып, қаладағы маршруттық телеарналарда, «Бірінші Қарағанды» телеарнасында, «Таир» СУ, «GLOBAL CITY» СУ көрсетілді. Аталған жоба республикалық деңгейде жоғары бағаланып, Қарағанды облысынан қатысқан үміткер «Сауатты жарнама – тіл абыройы» атты республикалық байқауда жүлделі I орынға ие болды.

Тілдік жоспарлауды іске асыру бағытында басқарма жанынан ашылған Ресурстық тіл орталығы тарапынан жана графика бойынша ақпараттандыру-түсіндіру шаралары офлайн және онлайн түрде тұрақты жүргізілуде.

Тіл – ұлттың тұғыры, мемлекетіміздің негізі. Еліміздің әрбір азаматы ана тіліміздің абыройы үшін жауапты екенін сезініп, тіл жанашырына айнала білсе, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясы кеңіп, беделі артуына қол жеткізеріміз анық.

Салтанат ӘБЕУОВА,
облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы

Дені сау ұлт – дені сау ұрпақ

Денсаулық сақтау саласына мемлекет қашан да баса мән береді. Қазір ауылдық медицинаны, инфрақұрылымды дамытуға, кадр тапшылығы мәселесін шешуде бірқатар шаралар қолға алынуда.

Негізгі көрсеткіштер

Өткен жылдың қорытындысы бойынша туберкулез сырқаты мен туберкулезден өлім-жітім азайды. Сырқаттанушылық 20,2%-ға, өлім-жітім 7,7%-ға төмендеді. Нәрсете өлімін 30%-ға төмендетуге жағдай жасалды. Бес жыл және одан да көп өмір сүретін қатерлі ісікпен ауыратын науқастардың үлес салмағы 54%-дан 56,5%-ға дейін өсті. Облыс тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы 72,3 жылды құрап отыр.

2024 жылы денсаулық сақтау саласының бюджеті былтырғы жылмен салыстырғанда өсті. Биылғы жылғы міндеттерді іске асыруға 185,2 млрд. теңге (2023 – 174,5 млрд. теңге) бағытталады.

Инфрақұрылымда даму бар

Быттыр екі жылға арналған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске асырыла бастады. Ауылдық денсаулық сақтау объектілерінің (дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункттер) инфрақұрылымын жақсартуға баса назар аударылды. Облыста 92 нысан салынады. 2023 жылы – 14, биыл 78 нысан салу жоспарда бар. Ауыл тұрғындары үшін жаңа профилактикалық бағдарламалар енгізіліп, бағдарламалар әр жас мөлшеріне есептелген және Check-Up түрінде жүргізіледі. Ауыл тұрғындары үшін көліктегі медицина да белсенді қолданылады.

Быттыр 14 денсаулық сақтау нысанына күрделі жөндеу жасалды. Мәселен, облыстық клиникалық аурухананың инфекциялық корпустарын жөндеу бойынша ауқымды жоба аяқталды. Шет ауданы Ақадары кентіндегі, Теміртау және Балқаш қалаларындағы ауруханалар жаңа келбетке ие болды. Облыстық онкология бөлімшелері және химиотерапия курсына арналған қосымша корпустарында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал, биыл облыстық клиникалық аурухана корпустарына, Балқаш қаласындағы жедел медициналық жәрдем қосалқы станцияларына, Шахан кентінің отбасылық денсаулық орталығына, Қарағанды қаласындағы №1 емханасына күрделі жөндеу жұмыстары жасалады.

Заманауи техника маманға сеп

Ауруханалар заманауи медициналық техникамен жабдықталды. 2023 жылы 5 600-ден астам медициналық жабдыктар мен техника сатып алынды. Бұл медициналық ұйымдардың жабдықталуын 87%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Инсультпен ауыратын пациенттерді уақытты диагностикалау және онкологиялық пациенттерді емдеуге арналған жабдыктарға баса назар аударылған.

Тыныс алу жүйесі ауруларын уақы-



тылы диагностикалау үшін, Осакаров және Қарқаралы аудандарының ауруханаларына компьютерлік томографтар алынды. Бір компьютерлік томография аппараты Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шеңберінде грант алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді іске асыру шеңберінде тегін алынды. Бұл аппарат Қарағанды қаласында №1 көпсалалы аурухана базасында орнатылған. Қазіргі уақытта облыста 26 компьютерлік томография кабинеті жұмыс істейді.

Жедел медициналық жәрдем автопаркі былтыр жыл соңында «Qatme»-тен қайырымдылық көмек ретінде 10 автокөлікпен толықтырылды.

Алғашқы көмек – маңызды

Қарағанды облысында медициналық-санитариялық алғашқы көмекті ұйымдастыру желісі 37 ұйымнан тұрады. Оның ішінде, 22 мемлекеттік және 15 жеке ұйым бар. 2023 жылы 26 млн. астам консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілді.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін негізгі бағдарлама – отбасылық медицинаны дамыту, профилактикалық бағдарламаларды енгізу, диспансерлік пациенттерді динамикалық бақылауды жақсарту, әлеуметтік қызметпен интеграциялау.

2023 жылы Қарағанды қаласындағы №3 емхана базасында адам денсаулығын сақтауға және халықтың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған кешенді медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсететін үздік тәжірибелер орталығы ашылды. Орталықта отбасылық дәрігерлер, патронаждық медбикелер, акушерлер, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар кіретін мультидисциплинарлық командалар құрылған, бұл пациенттерге барынша жан-жақты және кешенді

күтім жасауды қамтамасыз етеді.

Барлық ұйымдар үшін кіре берісі, тіркеу орны, холдар мен пациенттердің күту аймағының бірыңғай тұжырымдамасының дизайны әзірленген. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарда тегін дәрі-дәрмектермен проблема болмас үшін былтыр да, биыл да жеткілікті мөлшерде қаражат қарастырылған. Жыл соңына қарай әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, диспансерлік есепте тұрап барлық пациенттер негізгі қажетті препараттардың үш айлық қорын алды.

Кадр тапшылығы шешілуде

Медициналық кадрлармен қамтамасыз етуге баса назар аударылады. Ол үшін облыс бойынша кадрлық стратегия әзірленді. Жас дәрігерлерді жұмысқа тарту мәселесін қызметтік пәтерлер беру, оларды жиһазбен және қажетті тұрмыстық техникамен қамтамасыз ету есебінен шешіледі.

2023 жылы алғаш рет ауылға баратын дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау үшін жергілікті бюджеттен 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін қаражат бөлінді. Нәтижесінде ауылға 61 медицина қызметкері, оның ішінде, жалпы практика дәрігерлері, акушер-гинекологтар, кардиологтар, неврологтар, акушерлер мен фармацевттер келді. 2024 жылы әлеуметтік қолдау үшін Балқаш және Теміртау қалаларына қаражат бөлінді.

2024 жылы келген мамандарға Қарағанды қаласында 138 қызметтік пәтер беріледі, ауыл дәрігерлеріне қызметтік пәтерлер беріледі. Атап айтқанда, Қарқаралыда – 27, Шет ауданында – 6, Ақтоғай ауданында – 3 пәтер. 2024 жылы Балқаш қаласында дәрігерлерге арналған 45 пәтерлік тұрғын үй ғимаратын қайта жаңарту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласындағы «Жаңа қала» шағынауданында дәрігерлерге арналған тұрғын үй кешенінің құрылысы үшін жер учаскесі бөлінді, 2024 жылы медицина қызметкерлері үшін тұрғын үй салу жұмыстары жалғасатын болады.

Максатты жұмыс нәтижесінде ағымдағы жылы 362 маман, оның ішінде, резидентураны аяқтаған 75 маман келді.

Кәсібилік бірінші кезекте

Мамандардың кәсібилігі мен құзыреттілігін арттыру тұрақты түрде қолға алынған. Балалар нейрохирургиясы, кардиология, инсульт қызметі, онкология және радиология, шұғыл жағдайлар бағыттары бойынша 63 дәрігер жақын және алыс шет елдерде оқып келді. 19 маман халықаралық жаттықтырушыларға оқытылды. Бұл үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді. 300-ден астам жедел медициналық көмек көрсету жүр-

гізушілері жедел медициналық көмек көрсете алуға және қауіпсіз жүргізу бойынша оқудан өтті.

Бұдан басқа, заманауи даярлау әдістерін пайдалана отырып, дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін оқыту жалғасын табады. Білім берудің классикалық жүйесі маманды сапалы практикалық даярлау проблемасын толық шешуге қабілетсіз. Мұның басты себебі, клиникалық жағдайлардың ауан түрлілігін қалпына келтірудің мүмкін еместігі, сондай-ақ, оқушылардың пациентпен қарым-қатынасында моральдық-этикалық және заңнамалық шектеулер болып табылады. Сондықтан біз практикалық іс-қимылдар үшін табиғи жағдайларға жақындатылған мүмкіндіктерді имитациялайтын тренажерлардың кең арсеналын пайдалана отырып, олардың даму серпінінде барлық клиникалық жағдайларды компьютерлік модельдеу – «Симуляциялық оқытуды» жүзеге асырамыз. 2023 жылы жедел медициналық жәрдем базасында барлық қажетті симуляциялық орталықтары бар оқу-жаттығу орталығы ашылды. Сонымен қатар, біздің дәрігерлер мен медбикелеріміз шеберлік сыныптарын өткізуге шақырылатын отандық және шетелдік клиникалардың жетекші мамандарынан үйренуге мүмкіндік алады.

Технология қолданысы артады

Тиімді медициналық көмек көрсету мәселесі қазіргі заманғы технологияларды, халықаралық стандарттарды енгізуден тығыз байланысты. Оны заманауи диагностикалық және емдеу жабдыктарынсыз жүргізу мүмкін емес. Ғылым бір орында тұрмайды, біз бұрын армандай алмайтын медициналық техника жасалуда. Сондықтан, медициналық кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын жақсарту жолдарын үнемі іздейміз.

«Turat Healthcare» КЕАҚ-мен денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың мастер-жоспарын әзірлеу бойынша үш бағыт бойынша келісімге қол жеткізілді. Денсаулық сақтау желісі бағытында ескі ғимараттардың орнына жаңа ғимараттар салу, күрделі жөндеу жасалады. Материалдық-техникалық жаратандыру аясында медициналық техникамен жаратандыру жөніндегі жоспар жасалады және кадрлық ресурстар бағыты облыстың медицина қызметкерлерін тарту, даярлау және біліктілігін арттыруды көздейді.

Бұл халықтың қажеттілігіне және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, денсаулық сақтау ұйымдарының тиімді желісін құруға, денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту мен жаңғыртуға, медициналық кадрлардың құзыретін арттыруға мүмкіндік береді.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

• КӘСІПКЕРЛІК

Жұмыспен қамту жалғасуда

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға былтыр ел бойынша 756,2 мың адам қатысты. 555,7 мың адам жұмысқа орналасты, оның 357,4 мыңы тұрақты жұмыс тапты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Субсидияланатын жұмыс орындарына 198,3 мың адам орналастырылды. Оның ішінде, әлеуметтік жұмыс орындарымен 17,4 мың адам, жастар практикасымен 33,9 мың адам, қоғамдық жұмыстармен 121,4 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 9,9 мың адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы аясында 493 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 15,2 мың адам жұмыспен қамтылды.

Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқытумен 46,1 мың жұмыссыз қамтылды, оның ішінде, 42 мың оқуды аяқтады. Сондай-ақ, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 133,4 мың адам кәсіпкерлік негіздерін оқыды. Оның ішінде, 99 мың адам оқуды аяқтап, сертификат алды. Қызмет саласын тандау мақсатында 143,9 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтті. Бұдан басқа, 2023 жылы ұлттық жоба шеңберінде 400 АЕК мөлшерінде жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін 9 102 грант берілді. Облыста аталған жоба аясында 212 грант табысталды.

Аймақта халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылға өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. Оған сәйкес 55 мың жұмыспен қамтылды. Бұл – жоспардың 102%-ы. Оның ішінде, тұрақты жұмыс орындарына шамамен 21 мың жұмысқа орналастырылды.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Жетістік серпіні – елдің сенімі

Өткен жыл облысымыздағы энергетика және тұрғын үй секторы үшін маңызды жыл болды. Толығырақ тоқталайық.

Жылумен жабдықтау

2023 жылы бюджеттік қаржыландыру шеңберінде 32,3 млрд. теңге сомасына 16 жоба іске асырылды, ұзындығы 21,5 шақырым жылу желілерін салу және қайта құру бойынша жұмыстар сәтпен орындалды. Облыс орталығында М10 жылу магистралінің учаскесін және қаланың 21 шағын ауданында магистральдық жылу желісін қайта құру жұмыстары аяқталды.

Теміртау қаласында қаланың негізгі жылу магистральдарын қайта құру және күрделі жөндеу бойынша 6 инфрақұрылымдық жоба іске асырылды. Ал, Балқаш қаласы бойынша ұзындығы 1,2 шақырымдық қаланың негізгі жылу магистральдарының учаскесін қайта құру бойынша жұмыстар орындалды.

Жалпы, жүргізіліп жатқан кешенді жұмыс облыс өңірлерінің тұтынушылары жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға, сондай-ақ, жылу желілерінің тозуын төмендетуге соны мүмкіндік берді. Ағымдағы жылы бұл жұмыс жалғастырылатын болады.

Ауылды сумен қамту

Облыста жалпы халық саны 216 528 адамды құрайтын барлығы 345 ауылдық елді мекен бар. Орталықтандырылған сумен жабдықтаумен ауылдық жерлердегі халықтың 93,6% немесе 228 ауыл қамтылған. 117 ауылда ауыз суға қолжетімділік бар, алайда орталықтандырылған сумен жабдықтау жоқ. Оның ішінде, 5 ауыл тасымалданған суды пайдаланады.

2023 жылы ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау бойынша 31 жобаны іске асыруға 10,9 млрд. теңге бөлінді. Су желілерінің 342,2 шақырымы салынып, қайта жаңартылды.

Жыл қорытындысы бойынша ауыл халқының ауыз суға 93,6%-дық қорсеткішіне қол жеткізілді. Ауыл тұрғындарын сапалы сумен жабдықтауға қолжетімділікті 100% қамту 2025 жылдың соңына дейін жеткізу жоспарлануда.

Енді суды тазартудың кешенді блок-модульдерін (КБМ) орнатуға келетін болсақ. Біздің облыс бойынша мұндай ауылдар – 93. Біз КБМ ауылдарын қамтамасыз етудің ауа райы жоспа-



рын әзірледік, 1 қондырғының болжамды құны 30-50 млн. теңгені құрайды. Өткен жылы Нұра ауданында 2 КБМ орнатылды.

Шаһарды сумен қамту

Қалаларда сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы – 2 513,37 шақырымды құраса, тозуы – 65,6%. Сумен

жабдықтау қызметтеріне 912 238 адам немесе 98,8% қол жеткізе алады.

2023 жылы барлық көздерден 7 жобаны іске асыруға 3,9 млрд. теңге көзделген. Бөлінген қаражатқа 78,4 шақырым желі салынып, қайта жаңартылды. Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік 98,8%-ға дейін ұлғайтылды. 100% қолжетімділігі жоқ бұл Қарағанды – 99%, Балқаш – 98,4%, Теміртау – 95,7% қалалары.

Газдандыру

2023 жылға газбен жабдықтау жобалары бойынша бюджеттен 6 млрд. теңге бөлінді. Қарағанды мен Теміртауда 3 іске қосу кешені бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша газ тарату желілері 2966 үйге жеткізілді. Есепті күнге Қарағанды, Теміртау қалалары бойынша салынған газ тарату желілері 8 530 жеке тұрғын үйге тартылды.

Бүгінгі таңда жеке тұлғалар үшін 3 603 техникалық шарт берілді. Газбен жабдықтауға 2 918 үй қосылған.

2023 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту орталығына жеке тұрғын үйлерді газға қосу бойынша 320 өтініш келіп түсті. Оның ішінде 300 шарт жасалды (Қарағанды – 233, Теміртау – 67). Бүгінгі таңда жұмыстар толық аяқталды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

Облыста 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлығы жұмыс істемейтін лифтілер – 203, бүгінгі таңда – 161. 2023 жылы жалпы сомасы 626,4 млн. теңгеге 42 лифт қалпына келтірілді.

2023 жылы бірінші сәулеттік көрініс беру аясында 35 үйдің шатырлары мен қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ипотекалық несиелеу

2023 жылы облыстық бюджеттен жеңілдетілген тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын іске асыруға «Qatmet» АҚ (1 млрд. теңге) және «Шұбаркөл Көмір» АҚ (400 млн. теңге) қызметкерлері үшін 1 млрд. 400 млн. теңге бөлінді.

«Отбасы банк» АҚ 800 млн. теңге бөлі. Бүгінгі таңда «Qatmet» компаниясының 94 қызметкеріне жалпы сомасы 1 млрд. 475 млн. 649 мың теңгеге несие берілді, оның ішінде, кеншілер – 45. Сондай-ақ, «Шұбаркөл Көмір» АҚ-ның 59 қызметкеріне жалпы сомасы 1 млрд. 90 млн. 29 мың теңгеге несие берілді.

Ербол ТӨЛЕУОВ,
облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы

• ДЕНСАУЛЫҚ

Дерт жұқпасын десеніз...

Кешегі күнгі дерек бойынша, қызылшамен ауырғандардың көпшілігі Қарағанды, Приозерск қалаларымен, Қарқаралы және Нұра аудандарында тіркелді. Жыл басынан бері 288 адам қызылша күдігімен тіркелсе, соның жартысы расталды. Мамандардың айтуынша, ауырғандар арасында егілмегендер, әсіресе, балалар көп.

Жалпы, 2023 жылғы ақпаннан 2024 жылғы 17 қаңтарға дейін облыста қызылшаның 948 жағдайы зертханалық түрде расталды. Жас құрылымында 14 жасқа дейінгі балалар басым.

– Ауырған балалардың 90%-ы екпе алмаған. Бүгінгі таңда 97 мектепке дейінгі мекемеде 190 бала, 133 мектепте 289 оқушы ауырды. Қызылшаны жұқтырудан, сондай-ақ, оның асқынудың алдын алатын жалғыз тиімді құрал – вакцинация. Сондықтан, барлық ата-аналарды баласының денсаулығына жауапкершілікпен қарап, екпе алуға шақырамын, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенова қызылшаға қатысты эпидемиологиялық ахуалдың асқынуына дертке қарсы екпе алмау себеп екенін айтты.

– Бүгінгі эпидемиологиялық жағдай 2020-2021 жылдардағы коронавирус пандемиясының салдары. Ол уақытта көп балалар екпе алмады, скрининг, профилактикалық тексерулер толығымен жасалмады. Халық арасындағы иммунитет қабат бұзылды, – деді Бибігүл Төлегенова.

Ол сонымен қатар, қызылша ауыр дерт туғызуы мүмкін екенін де атап өтті.

– Оның салдарынан көз көрмей қалу, энцефалит, ми ісіну, церебралды аурулар, пневмония пайда болуы мүмкін. Эпидемиологиялық маусымда 623 науқас жұқпалы аурулар ауруханасында жатып ем алды. Оның 454-і бала болса, 169-ы ересек адам, – деді басқарма басшысы.

Қызылша – вакцинаға қонетін дерт. Екпе жұқпалы аурудың күрт таралуынан сақтайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша облыста 33 мыңнан астам бала егілді.

Брифинг барысында мәлім болғандай, желел респираторлық вирустық инфекциямен ауырғандар былтырғы жылмен салыстырғанда екі есе өскен. ЖРВИ-мен ауырғандардың 62%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар.

Өз тілшімізден

Агроөнеркәсіпте кешенді жобалар бар

2023 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім өндірісі көлемі 487,2 млрд. теңгені (2022 жылы – 480,4 млрд. теңге), нақты көлем индексі 95,8%-ды (2022 жылы – 102,0%) құрады, оның ішінде мал шаруашылығы саласында 287,3 млрд. теңге, НКИ – 101,8% (2022 жылы – 225,6 млрд. теңге, НКИ – 101,4%), өсімдік шаруашылығы саласында 199,5 млрд. теңге, НКИ – 90,5% (2022 жылы – 254,3 млрд. теңге, НКИ – 102,6%).

Ірі қара мал басы 1,8%-ға (486,4 мың бас), жылқы – 11,1%-ға (352,2 мың бас), қой мен ешкі – 3,6%-ға (764,9 мың бас), шошқа – 9,0%-ға (75,1 мың бас) өсті. Құс саны – 4,7%-ға төмендеді (3432,9 мың бас).

Бұл ретте, ет өндірісі көлемі 122,5 мың тонна немесе 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 101,0%-ға артық, (121,3 мың тонна), сүт – 434,9 мың тонна немесе 102,0% (2022 жылы – 426,3 мың тонна), жұмыртқа – 693,9 млн. дананы немесе 106,4% (2022 жылы – 652,3 млн. дана) құрылды.

Дәнді дақылдарды жинау алқабы, киік таптап, есептен шығарылған 6,3 мың гектардан басқа 993,2 мың гектарды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 73,3 мың гектарға артық (2022 жылы – 919,9), оның ішінде бидай – 813,4 мың гектар, (2023 жылғы деңгейден 62,5 мың гектарға артық), арпа – 60 мың га, сұлы – 13,7 мың га және масақ қоспасы 6,4 мың га көлемінде.

966,3 мың гектар дәнді дақылдар алқабынан, орташа түсімі гектарына 6,8 центнерден 652,9 мың тонна астық бастырылды.

15,9 мың гектар алқаптан 393,2 мың тонна картоп (орташа түсімі 247,4 ц/га), 2,3 мың гектардан 72,1 мың тонна көкөніс (орташа түсімі 311,0 ц/га) жиналды.

Алынған ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге және сыртқы нарықта сатуға жеткілікті.

49,2 мың тонна астық тұқымы құйылды (немесе жоспарланған көлемнің 45,5% – 108 мың тонна), 1,9 млн. тонна шөп дайындалды.

Агроөнеркәсіп кешені саласына – 26,2 млрд. теңге инвестиция тартылды. Бұл көрсеткіш 2022 жылғы деңгейдің 88,0% құрайды (29,8 млрд. теңге), оның ішінде ауыл шаруашылығына – 24,5 млрд. теңге немесе 85,1% (27 429,2 млн. теңге), тамақ өнімдерін өндіруге – 1,7 млрд. теңге, 68,1% (2022 ж. – 2370,5 млн. теңге).

Өткен жылы жоспарланған 193 жұмыс орнын құрумен 10,0 млрд. теңге сомасына барлық 28 жоба жүзеге асырылып, пайдалануға берілді, оның ішінде:

– мал шаруашылығында – 1,4 млрд. теңге сомасына 11 жоба, 35 жұмыс орнын құрумен.

– өсімдік шаруашылығында – 8,2 млрд. теңге сомасына 13 жоба, 70 жұмыс орнын құрумен.

– қайта өңдеуде – 88 жұмыс орнын құрумен 1,2 млрд. теңге сомасына 4 жоба.

2023 жылы өңіріміздің ауыл шаруа-

шылығы құрылымдарына 22,6 млрд. теңге сомасында мемлекеттік қолдау көрсетілді.

– Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялау – 5,1 млрд. теңге.

– Мал шаруашылығын субсидиялау – 6,2 млрд. теңге.

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу – 5,4 млрд. теңге.

– Мал шаруашылығы саласында оны тереңдетіп өңдеу өнімдерін өндіру үшін, қайта өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға кеткен шығындарын субсидиялау – 277,6 млн. теңге.

– Технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын кредиттеу, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау – 5,7 млрд. теңге.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру жобасы аясында жалпы сомасы 3,4 млрд. теңгеге 456 микронесие берілді, оның ішінде, 1 млрд. 169,5 млн. теңге сомасына 62 несие ауыл шаруашылығы кооперативтерге және 2 млрд. 270,5 млн. теңге сомасына 394 жеке қосалқы шаруашылық иелеріне берілді. 580-ге жуық жұмыс орны құрылды.

2024 жылға арналған жоспар бойынша ағымдағы (2024) жылы Мемлекет басшының агроөнеркәсіптік кешен алдына қойған міндеттерін іске асыру үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін және оның экспорттық әлеуетін ұлғайту жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады.

Атап айтқанда, мал шаруашылығы өнімі өндірісі көлемінің ұлғаюына, ауыл шаруашылығы жануарлары басын өсіру және олардан алынатын өнім көлемін арттыру есебінен қол жеткізуді жоспарлап отырмыз, оның ішінде ІҚМ – 1,4%-ға (493,6 мың басқа дейін), 2023 жылы – 486,4 мың басқа дейін), ұсақ мал – 2,7%-ға (785,7 мың басқа дейін), 2023 жылы – 764,9 мың басқа дейін), жылқы – 8,4%-ға (382 мың басқа дейін), 2023 жылы – 352,2 мың басқа дейін), құс – 5,6%-ға (3,6 млн. басқа дейін), 2023 жылы – 3,4 млн. басқа дейін) өседі деп күтілуде.

Сонымен бірге, ет өндірісі көлемі 1,3%-ға (124,2 мың тоннаға дейін), 2023 жылы – 122,5 мың бас), сүт – 2,8%-ға (477,4 мың тоннаға дейін), 2023 жылы – 434,9 мың тоннаға дейін), жұмыртқа – 6,1%-ға (736,4 млн. данаға дейін), 2023 жылы – 396,9 млн. дана) ұлғаяды.

Өсімдік шаруашылығында өнім өндірісі көлемінің өсуіне ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқапта-



рын, суармалы жерлерді ұлғайту және қарқынды технологияларды қолдану есебінен қол жеткізілетін болады.

Жаздық егіс алқабын 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда 4,3 мың гектарға ұлғайтып, 1 млн. 109,0 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда, бұл ретте дәнді дақылдардың алқабы – 959,1 мың гектарды (2023 жылы – 1000,1 мың га), майлы дақылдар – 57 мың гектарды (2023 жылы – 29,7 мың га), шаруашылық құрылымдарындағы картоп алқабы – 11 508 гектарды (2023 жылы – 11 636 га), көкөніс – 1 227 га (2023 жылы – 1 337 га), азықтық дақылдар – 80 мың га (2023 жылы – 61,8 мың га) құрайды.

4,5 мың га суармалы жерді айналымға енгізіп, жалпы аумағы 34,7 мың га жеткізіледі (2023 жылы – 3,9 мың га, 30,3 мың га).

Жалпы, ауа райы қолайлы болған жағдайда, өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісі көлемі өткен жылғы деңгейден жоғары болады деп күтілуде, оның ішінде дәнді дақылдар – 792 мың тонна, былтырғы жылғы көрсеткіштен 7,9%-ға артық (2023 жылы – 652,9 мың тонна), картоп – 407 мың тонна, немесе 3,5%-ға артық (2023 жылы – 393,2 мың тонна), көкөніс – 73,5 мың тонна, немесе 2,0% (2023 жылы – 72,0 мың тонна) артық деңгейінде күтілуде.

2024 жылы Агроөнеркәсіп кешеніне тартылатын инвестиция көлемі 111% (29,0 млрд. теңге) деңгейінде, оның ішінде ауыл шаруашылығына – 110,4% (27,1 млрд. теңге), тамақ өнімдерін өндіруге – 115,0% (1,9 млрд. теңге) деңгейінде жоспарлануда.

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін мемлекеттік қолдау аясында жалпы сомасы 22,0 млрд. теңге деңгейінде қаржы қарастырылған.

– Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялау – 3,8 млрд. теңге.

– Мал шаруашылығын субсидиялау – 5,3 млрд. теңге.

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу – 8,9 млрд. теңге.

– Мал шаруашылығы саласында оны тереңдетіп өңдеу өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындарын субсидиялау – 158,8 млн. теңге.

– 055 агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялау – 90,2 млн. теңге.

– Технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын кредиттеу, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау – 3,8 млрд. теңге.

Сонымен бірге, өндіріс көлемін ұлғайту жөніндегі міндетті қайта өңдеу, мал және өсімдік шаруашылығы салаларындағы қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер құру есебінен шешу жоспарлануда.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін, 2024 жылы 361 жұмыс орнын құрумен 43,6 млрд. теңге сомасына 27 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған, оның ішінде:

– мал шаруашылығында – 13,7 млрд. теңге сомасына 7 жоба;

– өсімдік шаруашылығында – 27,1 млрд. теңге сомасына 10 жоба;

– қайта өңдеу саласында – 2,7 млрд. теңге сомасына 10 жоба.

Жалпы, 2023-2026 жылдар аралығында облыс бойынша 1118 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 174,2 млрд. теңге сомасына 95 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған, оның ішінде:

– мал шаруашылығында – 50,1 млрд. теңге сомасына 32 жоба;

– өсімдік шаруашылығында – 43,7 млрд. теңге сомасына 35 жоба;

– қайта өңдеу саласында – 80,4 млрд. теңге сомасына 28 жоба.

Қосымша, агроөнеркәсіп кешені саласындағы жобаларды («Сарыарқа» ӘКК» АҚ) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация арқылы қаржыландыру арқылы СҚО тәжірибесін жаппай қолдану шеңберінде 2024 жылы жалпы сомасы 8 млрд. теңгеге 8 жобаны жүзеге асыру қолға алынды, оның ішінде жалпы өндіріс көлемі 15,8 мың тонна сүт өндіретін 2400 басқа 4 – МТФ құру, 4 жалпы ауданы 2392 га суармалы жерлерді айналымға тарту жөніндегі жоба.

Сонымен бірге, «Ауыл аманаты» ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі жобаны жүзеге асыру жалғастырылатын болады. Осы мақсатта ағымдағы жылы 7 млрд. теңге сомасында қаржы көзделген. Бұл шара, 880 шағын несие беру арқылы, ауылдық жерлерде 932-ден астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Саят МУСИН,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы



• ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 800 ЖЫЛ

Қазақ хандарының түп атасы

Биыл елімізде мерейтой көп. Соның бірі де бірегейі – Қазақ мемлекеттілігінің бастауында болған Жошы ұлысының құрылуының 800 жылдығы. Бұл туралы осы жыл басында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Сонымен қатар тарихшыларымыздың пайымдауына, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады» деген еді. Сондықтан, осы алып елдің басында тұрған Жошы хан өзіміздің қазақ хандарының түп атасы болғандықтан да бұл мерейтой біздің де төл мерекеміз деуге болады.

ERZHAN IMASH,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жошы – жарты әлемді жаулаған Шыңғыс ханның бәйбішесі, Қоңырат Дай шешеннің қызы Бөртеден туған төрт ұлының үлкені. Ол 1182 жылы өмірге келіп, 1227 жылы небәрі 45 жасында қаза болған. Оның тууы мен өлімі әлі күнге сан-саққа жүргізіледі. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, атасы Есугей баһадүр кездейсоқ кезігіп қалып, меркіт Шиледудің ұзатып әкеліп бара жатқан қалыңдығы Оәлуді тартып алады. Соған өшіккен меркіт тайпасының жігіттері кейіннен әкесі Темучиннің (болашақ Шыңғыс хан) жары Бөртеңі барымталап әкеліп, Шиледудің інісі Чилегір балуанға күштеп қосады. Сонда жүргенде Бөрте жүкті болып, оны Шыңғыс тұтқыннан босатып алып келгенде, осы Жошы туып, есімі деген соған сай «Жолшы, Жошы» қойылған дейді. Бәлкім, ол Жолшыбай көш жолында туған шығар... Ел аузына қақпақ қоюға бола ма?!

Шыңғыс хан сөйтсе де, оны өзге балаларынан артық көріп, тақ мұрагерлігіне әуелі Жошыны таңдайды. Сол әңгіме үстінде екінші ұлы Шағатай әлгі жағдайды қозғап, шартпа-шұрт болған Жошы екеуін екі інісі әрең айырып, ақыры таңдау үшінші баласы Үкітайға тоқтайды. Бірақ қаһарлы әмірші мұны сүйіп қосылған Бөртеңінің бетіне мін етіп, бірде-бір рет баспай өтіпті ғой.

Бұл Жошы қолбасшылық дарынымен жасынан көзге түсіп, әкесінің барлық жорықтарына қатысады. 1207-1212 жылдары әскерімен Сібір, Алтай, Шығыс Түркістан аймақтарын түгел жаулап алып, 1212-1215 жылдары Солтүстік Қытайды бағындырады. Хорезмді басып алғаннан кейін 1223 жылы әкесінің шақыртуымен құрылтайға келеді. Онда Шыңғыс хан жаулап алған жерінің бәрін Бөртеден туған төрт ұлы – Жошы, Шағатай, Үкітай, Төлеге бөліп береді. Жошының үлесіне Ертістен Орал тауына дейінгі және одан әрі батысқа қарайғы жерлер тиеді. Ол өзінің Ордасын Ертіс өзенінің жағасына тігіп, құрылтайдан кейін әкесімен бірге империя астанасы Қаракорымға қайтқан інілеріне ілеспей, қалып қояды. Тумысынан өжет, батыл, қайпас қайсар ол ешкімен санаспай, өзінің дербес саясатын жүргізе бастайды. Оның бұл әрекетінен қаһарлы Шыңғыс ханның өзі де қатты қауіптенеді.

Жошы әкесінен алты ай бұрын қаза болады. Ол туралы да алыпқашпа сөздер көп. Бірінде аң аулап жүргенде оны құланның айғыры шайнап өлтіреді. Оған айғақ, облысымыздың Ұлытау ауданындағы Келгір өзенінің сол жағалауында тұрғызылған Жошы хан кесенесін археологтар қазғанда, одан табылған ер адам сүйегінің бір қолы жоқ болып шыққан. Негізгі, шындыққа осы келіңкірейтін сияқты. Өйткені сүйікті ұлының қазасына аза тұтқан Ұлы Әмірші «Оны естірткен адамның көмейіне қорғасын құямын» деп бұйырады. Бұған ешкімнің батылы жетпей, тек за-

Сөйтіп, Алтын Орда тағына Бату отырды да, оның әулеті қашан өз әкесі Әз Жәнібекті өлтіретін «Нар мойны» кесілген Бердібек ханға» (1357-1359 ж.ж.) дейін 6 ата бойы билік құрып мүлдем үзіледі. Бату (1227-1255 ж.ж.), Берке (1257-1266 ж.ж.), Мөңке Темір (1266-1280 ж.ж.), Туда Мөңке (1280-1287 ж.ж.), Төле бұғы (1287-1291 ж.ж.), Тоқты (1291-1312 ж.ж.), Өзбек (1312-1342 ж.ж.), Әз Жәнібек (1342-1357



Сурет: Шыңғыс ханның әулеті

манының саңлақ күйшісі, атакты қолбасшы Найман Кетбұға жырау қазақтың қара домбырасымен «Ақсақ құлан» күйін тартып, амалы құрыған Шыңғыс оның шанағына еріткен қорғасын құйып, тесігі содан және ел арасында:

«Ақсақ құлан, Жошы хан, Баласы өлген осы хан», – деген сөз қалған екен.

Енді бір мәлімет бойынша, ол жау жағына шығып кетеді деп үрейленген әкесі Шыңғыс ханның жарлығымен өлтірілген көрінеді. Ол Еуропаны жаулауға үлгере алмай, кейін оны баласы Бату хан жүзеге асырады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ертістен Дунайға дейінгі алқапты алып жатқан ұланғайыр Жошы ұлысы өз балалары ішінде бөліске түсіп, ел басқарудың ұлыстық жүйесі құрылып, екі қанатқа бөлінеді. Бірінші оң қанатты Бату басқарып, оған өзі мен Жошының бесінші ұлы Шайбанның еншісіне тиген жерлер еніп, ол Алтын Орда аталады. Ал Орда Ежен үлесіндегі Казіргі Қазақстанның кең байтақ аумағын қамтыған сол қанат Орда Еженге тиесілі болып, Ақ Орда атын алады.

Өтеміс қажы өзінің «Шыңғыс наме» атты еңбегінде бұл туралы былай деп жазады: «Ежен хан (Орда-Ежен) мен Сайын хан (Бату) Тұралы ханның қызынан туған. Жошының қалған 17 ұлы – басқа әйелдерінің балалары.

Бұл Ежен хан мен Сайын хан хандыққа таласпай, бір-біріне жол берген. Сонда жасы кіші Сайын хан ағасына: «Сен менен үлкен ағам болғандықтан әке орнына әке бол. Яғни, сен менің әкемісің. Біз басқа елге бара жатырмыз. Сен хан бол!» дегенде, Ежен: «Рас, менің сенен жасым үлкен. Бірақ әкеміз сені өте жақсы көріп, еркелетіп өсірді. Осы күнге дейін мен де сені әлпештеп, саған бағынып келдім. Егер мен хан болсам, өз хандығымды өзім жоямын да, ал сен хан болсаң, менің хандығымды жоймайсың» дейді.

Алайда Бату мен Берке хандар тұсында Алтын Орда әлі де Қаракорымға бағынып, тек 1269 жылы ғана Батудың Токтайдан туған немересі Мөңке Темірдің хандық дәуірінде империядан ірге ажыратып, өз алдына мемлекет болып бөлінеді. Себебі, бізге жеткен мәліметтерге қарағанда, сол 1269 жылдың көктемінде қазіргі Тараз қаласының маңында Талас құрылтайы өтеді. Бұл бір кезде Шыңғыс хан құрған алып державаның соңғы жиыны болып, оған қатысқан Шағатай ұрпағынан Барақ, Үкітайдан Хайду, Жошыдан Мөңке Темір хандар өткендегі өкпе-араздықтарын тастап (өрине, уақытша) өздеріне қараған жерлерінің бәрін үш бөлісіп, қыстау-жайлауларын белгілейді. Соның нәтижесінде Мауераннахр жерінде Моғолстан мемлекеті тарих сахнасына шығады. Міне, сол жыл тәуелсіз, дербес Алтын Орда мемлекетінің шын мәнінде құрылған мерзімі деп есептелініп, биыл оның 755 жылдығын тойлауға тиіспіз.

Жоғарыда алғаш сөз болған Алтын Орданың тізгінін інісі Батуға ұстатқан Орда Еженнің өз аймағында Шығыс Дешті Қыпшақта осыған бағынышты Ақ Орда хандығын құрғанын айтқанбыз. Бұл мемлекеттің құрамына оның еншісіне тиген және кіші інілері Шайбан, Шингқур, Тоқа Темір үлесіндегі жерлер еніп, астанасы басында Шығыс Қазақстандағы Алаоқ маңында орналасып, кейін оңтүстіктегі Сығанақ қаласына көшіріледі. Оны құрып, тұңғыш ханы болған Орда Еженнің беделінің күштілігі сондай, тек Бату ғана емес, Қаракорымдағы империя тағына Күйікті де, сосын Мөңкені де отырғызды. Оның осы шешімі мен жаңа хан, Төленің ұлы Мөңкеге қарсы шыққан Шағатай, Үкітай әулеті хандаларын өлім жазасына кескен де бір өзі. Тарихшы Рашид ад-Диннің жазуынша, Мөңке қаған (1251-1259 ж.ж.) өз жарлықтарында оның есімін қашанда Батудың алдына қойған.

Тіпті, қаһармен жер-дүниені қал-

тыратқан Шыңғыс ханның өзі Жошыдан туған немерелерінің арасынан осы Орда Ежен мен Батуды, бесінші ұлы ержүрек Шайбанды ерекше жақсы көрген екен. Бірде аталары шақыртқан құрылтайға Жошының 19 ұлы тегіс барыпты. Сонда ол Батуға арнап, алтын босағалы ақ үй, Орда Еженге күміс босағалы көк үй, Шайбанға болат босағалы боз үй тіктіреді. «Ата – балаға сыншы» демекші, сол болжамы айнақаттесіз дәл келеді. Айтқандай-ақ, осы үш немересі мен олардың үрім-бұтақтары Жошы ұлысын неше ғасыр билеп-төстеді. Соның Бату ұрпағы Алтын Орданы 130 жылдан аса (1227-1359) билесе, Орда Ежен әулеті Ақ Орданы 200 жылдан артық (1226-1428 ж.ж.), кейін құрылған қазақ хандығын ең ақырғы Кеңесары хан өлгенге дейін 383 жыл (1465-1848 ж.ж.) басқарды. Ал Шайбан әулетінен Сібір хандары Көшім, Ибақ, Өзбек ұлысының хандары Әбілқайыр, Мұхаммед Шайбани, Әбілқайыр, Абдолла хандар шыққан. Ал ұлы Әмірші атасынан еш босаға бұйырмаған Тоқа Темірден Алтын Орданы соңғы рет қайта біріктірген атакты Токтамыс хан мен Дәулет Қажыгерей бастаған (1443-1468 ж.ж.) Қырым және Астрахань хандары, Шайбанидтерден соң Бұхара хандығының билеушілері, Астрахань хандарының тұқымы Аштарханидтер тарайды.

Бұған дейін Ақ Орданың ханы Барақ болған дегенбіз. Оны 1428 жылы Ноғайлының мырзалары, Ер Едіге бидің немерелері Қазы мен Наурызбай билер өлтіріп, орнына Сібірден шайбанид Дәулет-шейх сұлтанның ұлы 17 жастағы Әбілқайырды отырғызып, Орда Ежен ұрпақтары 40 жылдай биліктен шеттеледі. Тек Керей мен Жәнібек Әбілқайырдан бөлініп, 1465 жылы Моғолстан жерінде тұңғыш қазақ хандығын құрған сәттен қайта жалғасады. Басын ашып айту керек, екеуі де алдындағы Ақ Орда ханы Орыстың шөберелері, біреуі Орыстан Токтакия, одан Әніке-Болат, одан Керей, екіншісі Орыстан Құйыршақ одан Барақ, одан Жәнібек болып тарайды. Бұл екеуі де кешегі бабалары Орда-Ежен мен Бату ұстанған тәртіпті бұзбай, тақ мұрагері Жәнібек өзінен жасы үлкен ағасы Керейге жолын береді. Міне, содан бастап, Қазақ хандығының дәуірі басталады. Бұдан кейін Орда Ежен әулетінің басқа чингизидтер алмастырмаған.

Осыған байланысты Санкт-Петербургтің ғалым, тарих ғылымдарының докторы Т.Сұлтановтың 1982 жылы жарық көрген «XV-XVIII қазақ хандарының хронологиясы мен генеологиясының материалдары» атты еңбегінде (111-121 б.б.) жасаған алғашқы қазақ мемлекетінің хандарының тізімі мен ел басқарған жылдарын келтіргенді жөн көріп отырмыз:

1. Керей – 1465-1470 ж.ж.
2. Жәнібек – 1470-1474 ж.ж.
3. Бұрындық – 1474-1511 ж.ж.
4. Қасым – 1511-1518 ж.ж.
5. Мамаш – 1518-1522 ж.ж.
6. Тахир – 1523-1532 ж.ж.
7. Бұйдаш – 1532-1549 ж.ж.
8. Хақназар – 1549-1580 ж.ж.
9. Шығай – 1580-1582 ж.ж.
10. Тәуекел – 1582-1598 ж.ж.
11. Есім – 1598-1614 ж.ж.
12. Тұрсын – 1614-1627 ж.ж.
13. Есім (екінші рет) – 1627-1628 ж.ж.
14. Жәнібек – 1628-1644 ж.ж.
15. Жәңгір – 1644-1652 ж.ж.
16. Тәуке – 1680-1718 ж.ж.

Ендіше, біздің қазақ хандарының түп атасы Жошы болады да, оның ұлдары Бату мен Орда Ежен құрған Алтын Орда мен Ақ Орда мемлекеттерінің заңды мұрасқоры Қазақ хандығы, Жошы ұлысының – 800, Алтын Орданың 755 жылдық мерейтойлары біздің де тойымыз деп айтуға толық хақымыз бар.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Кедергісіз орта қалыптасып келеді

Қазақстанда соңғы үш жылда 13,8 мыңнан астам нысан мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделді. Былтырдың өзінде 5 мыңға жуық әлеуметтік нысан бейімдеу мақсатында өзгертілді.

ЖАНСАЯ ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігінің дерегіне, ел бойынша бейімделуге тиіс 35 мыңнан астам нысан анықталды. 2021-2022 жылдары соның 8 мыңнан астамы бейімделді. 2023-2027 жылдарда жыл сайын кемінде 5 мың нысан (5 жылда 27 мың) бейімделуге тиіс. 2021 жылдан бастап, биылға дейін 13 857 объект бейімделді. Былтыр бейімделуге жоспарланған 5416 объектінің ішінен жергілікті атқарушы органдар 4 926 объектіде бейімделу іс-шараларын жүргізді, бұл жоспарланған көлемнің 91%-ын құрайды.

Бұл шаралар 2025 жылға дейін мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар, «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдардағы жол картасы және Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген «Халықпен бірге» жобасы аясында іске асырылуда. Бастама былтыр еліміздің барлық өңірлерінде іске асырылды. Оның ішінде, Қарағанды облысында министрлік көрсеткендей, жоспар толығымен орындалды.

Талап бойынша нысандар мүгедектер арбасына, нашар көретін және нашар еститін азаматтарға, халықтың аз қозғалатын топтарына бейімделуі тиіс. Кіреберіс топтары толығымен қайта жаңартылып, пандустардың параметрлері нормаларға сәйкес келуі қажет. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың ыңғайлылығы үшін лифті орнатылады.

Мемлекеттік бақылау шеңберінде Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық департаменттері былтыр ел бойынша мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет және басқа салалардағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне 1 783 тексеру жүргізді. Оның қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 1 171 ұйғарым берілді, 98,4 млн. теңге сомасына 467 әкімшілік айыппұл салынды.

Объектілердің меншік иелеріне профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бұзушылықтар алғаш рет анықталған кезде оларды әкімшілік жауапкершілікке тартпай жою туралы нұсқамалар ғана берілетінін атап өту қажет. Нұсқама белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда ҚР ӘҚБТҚ 462-бабы бойынша айыппұл салынады.

• «БІЗ – БІРГЕМІЗ!»

Маңайыңа қайырымды бол!

«Nura agnasy» еріктілер штабының өкілдері Нұра ауылындағы аула сыпырушыларға қысқы күртелерді тарту етті. Елдімекендегі көпбалалы отбасылар да назаран тыс қалмады. Қайырымдылық акциясы астаналық кәсіпкерлердің қолдауымен ұйымдастырылды.

ЕРІК НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мен Нұрада тұрамын және осы адамдардың барлығын танимын. Олармен жиі сөйлесемін. Аткаратын жұмыстары оңай емес. Ыстықта да, суықта да ауылды қоқыстан тазартады. Бәрі қарапайым және ешқашан ештеңеге шағымданбайды. Бізге Астанадан 30 күртеше жетті. Көп ойланбай, еңбек адамдарына табыстауды жөн көрдік. Еңбеккерлер ең үлкен құрметке лайық, – деді «Nura agnasy» еріктілер штабының және аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Талғат Шолтаев.

«Nura agnasy» еріктілер штабының өкілдері осы аймақтың тұрғындарына жақсылық жасаудан тартынған емес. Мәселен, Жаңа жыл қарсаңында олар мүмкіндігі шектеулі балаларға тәттілер таратқан. Қарттар үйіне барып, мерекелік дастархан жайыпты. Сонымен қатар, жергілікті балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға жәрдемдескен. 20-дан астам жалғызбасты және карт адамдар тұратын үйлердің аулаларын қардан тазартты. Боран кезінде қар құрауында қалып қойған көліктерден адамдарды құтқарды.



– Біздің штабта 120-дан астам ерікті бар. Қатарда мектеп оқушылары, студенттер және әртүрлі ұйымдардың қызметкерлері, соның ішінде, мұғалімдер де бар. Боран кезінде мұғалімдер

тоқтап қалған көліктердегі жолаушыларды қар құрауынан шығарып алуға көмектесті. Біз оларды жылыту пункттеріне дейін жеткіздік.

Демеушілік көмектің арқасында біз әрқайсының салмағы 50 келі болатын 30 азық-түлік жиынтығын таратуды жоспарлап отырмыз. Бізге негізінен елордалық кәсіпкерлер, ірі супермаркеттер мен ұйымдар көмектеседі, – деді Талғат Шолтаев.

Жалпы, ерікті болу – еріккеннің ермегі емес. Өзінің алтын уақытыңды қиып, өзгенің өмірі үшін алаңдап, оған пайдаңды тигізу. «Жасаған жақсылығың өзіңе жақсылық болып, міндетті түрде оралады» деген аталы сөзді бала күнімізден құлағымызға құйып өстік. Сондықтан да, қолымыз калт етсе, жақсылық жасағымыз келіп тұрады. Сонымен қатар, жасаған жақсылығымыз түрлі жамаңдықтың алдын алып, бөле-жаладан сақтап жүреді деп сенеміз.

Шындығында, уақыт – ең

қымбат капитал. Сол қымбат уақытты дұрыс жоспарлап, оның бір бөлігін көмекке мұқтаж жан-дарға арнау үшін кең жүрек керек десек, артық айтқандық емес.

Бұдан бөлек, демеушілердің көмегін де арнайы атап өткен жөн. Өйткені, онсыз еріктілер штабының жоспарлаған жұмыстарының жүзеге асуы екіталай. Кәсібі дөңгеленген, аukatты адамдардың демеушілікпен айналысуы да құптарлық іс. Себебі, «Әр аukatты адамның қазынасында қара халықтың ақысы болады» деген түсінік ертеден қалыптасқан. Дәулетінің белгілі бір мөлшерін қайырымдылыққа жұмсап, жақсылық жасап, елдің батасын алса, шығындаған малы өзіне еселеп қайтатыны анық. «Алғыс алған арымас» деп қазақ бекер айтпаған.

Ендіше, шамамыз келсе, демеуші болмасақ та, аздаған уақытымызды қиып, еріктілер штабының жұмысына ерек үлшен берсек, өзімізге жақсылық болып оралары ақиқат.

Құттықтаймыз!



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тумасы **Сұлтанғазы Ыбырайұлы БОРАМБАЕВ** осы жылдың 26 қаңтарында 80 жасқа толғалы отыр. Жақсылығы мен ауыртпалығы қатар жүретін өмірде абыройлы қызмет жасап, жаңа ұрпақтың тірегі болды.

Еңбек жолын 1962 жылы аудандық байланыс торабында электробайланысшы болып бастап, 1965 жылы Талғар ауыл шаруашылығы техникумын, 1974 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының агрономдық факультетін бітіріп ғалым-агроном мамандығын алды. 1965 жылы ХХІІ партсъезд атындағы кеңшарда аға агроном, аудандық тұқым инспекциясында аға зертханашы, агроном-инспектор болып еңбек етті. 1972 жылдан аудандық кеңес атқару комитетінде 9 жыл екі бөлімін басқарды. Ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы болды.

1981 жылдан ауданның Қоңырат, Қаратал кеңшарларында 10 жыл партия комитетінің хатшысы, одан кейін Шабанбай би селолық округінің әкімі қызметінде болды.

1995 жылдан Тоқырау ауданы Ақтоғай ауданына қосылғанша әкімшілікте жалпы бөлім меңгерушісі, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы болып еңбек етті.

2000 жылдан 2008 ж. зейнеткерлікке шыққанша ҚР АШМ облыстық аумақтық инспекциясына қарасты Балқаш көліктегі шекаралық фитосанитариялық бекетінде бас маман-мемлекеттік инспектор болып қызмет жасады. Ұзақ жылғы табысты еңбегі үшін «Еңбек ардагері», Ұлы Отан соғысының 25-30 жылдық медальдарымен, облыстық аумақтық инспекциясының құрылғанына 20 жылдық төсбелгісімен, партия-кеңес, облыстық аумақтық инспекциясының Алғыс хаты, Құрмет, Мақтау қағаздарымен марапатталды. 1975 жылдан 17 жыл үзбей аудандық, ауылдық кеңестің депутаты, 10 жыл аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. Атамыздың ұзақ жылғы табысты еңбек жолы біздерге үлгі-өнеге.

Апамыз Байсұлу екеуі ұл-қыздарынан бес немере, бір шөбере көріп отыр.

Атамызға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, Алланың берген жасын жасап, ортамызда бола беруін тілейміз.

Ізгі тілекпен: **жұбайы Байсұлу, бауыры-балалары Найла, Дайна-Болат, Ғалила, немерелері Даулетхан-Ақбота, Дархан, Әділ-Бағжан, Аяна-Мадина, шөбересі – Омар.**

№16

• ТІЛСІЗ ЖАУ

Сақтық керек

13 қаңтарда Қарағандыдағы көпқабатты үйлердің бірінен өрт шықты. Анығырақ айтсақ, үй кіреберісіндегі электр қуатын үйлестіргіш құрылғыдан ақау шыққан. Тілсіз жау бесінші қабаттан жетінші қабатқа дейін жайылған. Құтқарушылар 14 адамды эвакуациялады. Оның 8-і – бала.



Сурет ашық дереккөзінен

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өрт Еркемов көшесінің бойында орналасқан үйлердің бірінен шыққан. Құтқарушылар жедел әрекет ету арқылы трагедияның алдын алды. Тілсіз жау біршама аумақты шарпыған. Тұрғындарды сатымен шығару мүмкін болмағандықтан, өрт сөндірушілер құтқару сатысын пайдалануға мәжбүр болды. Тілсіз жаудың тұтанғаны туралы ақпарат төтенше жағдайлар департаментіне шамамен 21:30-да түскен. Сағат 22:08-де ауыздықталған.

Тұрғындардың болжамы бойынша, өртті әлдебіреу қасақана ұйымдастыруы мүмкін. Тілсіз жаудың салдарынан бүтін подьезд

жарықсыз және жылусыз қалған.

Осы жағдайға байланысты облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері қарағандылықтарға көпқабатты үйлерде қауіпсіздікті қатаң сақтауға шақырды. Әсіресе, шылым шөгетіндерге тұқылды толық өшіруге кеңес берді. Соның салдарынан дәлізге қалдырылған мүліктер тұтануы әбден ықтимал. Сонымен қатар, пәтерді электр қуатымен қамтамасыз ететін құрылғылар мен сымдардың техникалық жағдайына жиі назар аударған абзал. Бір желіге бірнеше электр құрылғыларын қоспауға болмайды. Балалардың сіріңке немесе тұтануы мүмкін басқа да заттармен ойнамауын қадағалау қажет.

• ТАҒЫМ

Менің оларды еске алуым – парызым

Қазақ «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» дейді. Бұл сөздің менің отбасыма қатысы жоқ. Құдайға шүкір, біздің әулет әзірге аманбыз. Солай болғай демекші. Бұл арада жалғыздық туралы сөз – институтты бірге тәмамдаған топ туралы.

жүргендігін, отбасылық бақытының жанбағандығын баяндапты. 2007 жылы Жамбыл Ақылбаев кенеттен қайтыс болды. Жаңаарқа

Жарылғап Тохметов дүниеден озды.

2021 жылы жазда мен, Мақсұт, Қабылқарим, Сағжан, Өмірзақ бе-

Қарағанды пединститутының физмат факультетін 1961 жылы бір топта 20 студент бітіріп, жан-жаққа жолдамамен кетіп едік Соған 62 жылдай болып қалды. Тобымыз ұйымшыл еді. Әрбір он жылда кездесіп, бір маркайып қалатынбыз. Студенттік кезімізде тобымызда аздаған өзгерістер болып тұрды. Бастапқы кезде ауыл шаруашылық жұмыстарына барып жүргенде Бұқар жырау ауданынан келген Әділбек Исақов машина астына түсіп, ауыр халде ауруханаға жатып, оны да кездестіріп күзеттік. Ол сол жағдайда көз жұмды. Үшінші курста тобымызға Қызылорда пединститутынан Танау Нығызбаев келіп қосылды. Қостанайлық Жақсылық Әлменов пен ақтөбелік Хожин Нұрқасын мемлекеттік емтиханнан өте алмай қалды. Алғашқы он жылдықта бәріміз отбасын құрып, көпшілігіміз әке болып, өзіміз бітірген институттың ғимаратында жиналды. Кейбір өзімізді оқытқан Бану Құсанова, Қаратаева, Рах, Вахольский, т.б. ұстаздарымызбен кездесіп, әрқайсымыз «есеп» бердік. Содан кейін осы қалада қызметке қалған Жамбыл Ақылбаев пен Қабылқарим Ахметқаримовте қонақта болып тарқастық. Ол кезде ұялы телефон жоқ. Бір-бірімізді туған күндерімізбен, т.б. естелік шараларда құттықтап, амандығымызды біліп жүрдік.

Екінші кездесуіміз 1981 жылы болды. Міне, осы кездесудің алдында бір азаматымыздан айырылып қалдық. Ол – павлодарлық Қаназин Сағинтай. Одан кейінгі кездесуіміз 1991 жылы Балқашта болмақшы еді. Бұл кезең – Кеңес Одағының ыдырауының алдында елдегі саяси жағдай нашарлап қалған кез. Бұл жолы көпшілігі келе алмады. Үш-төртеуіміз ғана болдық. Сағжан жақсы қарсы алып, Балқаш көлінде катермен саяхаттадық. Осы аралықта егіндібұлақтық Орынбек Жәкішев



қайтыс болды деген хабар алдық. Жезқазғанда мәдениет саласында қызмет атқарып жүрген Бектұрсын Шортанбаев та мәңгілікке аттаныпты. Біздің ұстазымыз болған Күрлеубаева тұрмысқа шыққан жалғыз қызымыз Ғайыш Әбуованың қашан дүниеден озғанын білмейміз. Қабылаш Абуляисов бір кездескенімізде бір аяғынан айырылып, содан қырық жылдыққа жетпей о дүниелік болды. 2001 жылы қырық жылдан кейін кездесуімізді Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болған Жамбыл Ақылбаев өз мойнына алды. Бірінші күні оқу орнының бір залында қабылдау жасады. Одан кейін 2-3 күн университеттің Топардағы профилакториясында дем алдық. Шілде айы болса да, күн салқын-тын.

Содан айлар, жылдар өтіп жатты. Нашар хабарлар да жиілей бастады. Доскейлік Әмен Жылқыбаев инсульт алды. Хал-жағдайын сұрайық деп Қабылқарим екеуіміз Доскейдегі үйіне бардық. Ауруына налып, Әмен көзіне жас алды. Павлодарлық Шота Машраповқа хат жазып, бір-екі фотосымен жауап алдым. Ол зауытта істеп

өңірінен Танау Нығызбаев та о дүниелік болды деген суыт хабар жетті. Шеттік Жақан Арыстанбековті де ешкімге хабарламастан жерлепті.

2009 жылдың қазан айында мен 70 жылдығымды атап өттім. Осы мерейтойға жаңаарқалық Қазкен Дәулетов, балқаштық Сағжан Аманжолов, қарқаралық Мақсұт Аймағамбетов пен Қабылқарим Ахметқаримов, сарышағандық Өмірзақ Тәттімбетов, екібастұздық Қайыр Жаналиев, шеттік Жамбыл Қаленов қатысып, ізгі тілектерін білдірді. Көбісіне осы соңғы кездесу болды ғой деп ойлаймын.

2011 жылы Қарағандының сыртындағы «Саялы» демалыс орнында қалғандарымыз кездесіп, екі күн шүйірлесіп қалдық. Мұнда бір қызығы Қазкен Дәулетов бәйбішесімен келді. Оқып жүргенде «Қазкен институтқа түскенге дейін үйленіпті» деп еститінбіз. Сол жеңгемізді елу бес жылдан кейін көрдік. Қазкен жол апатынан қайтыс болды. Содан көп ұзаған жоқ Қайыр мен Жамбыл дүние салды. Коронавирустың алдында Ақан Әубәкіров,

сеуіміз кездесіп Қарағандыда мешітке барып, Құран бағыштап, садақа беріп, бір асханада дәм ішіп, өткен 15 студенттік достарымызды еске алдық.

2019 жылы менің 80 жылдық мерейтойыма Мақсұт пен Өмірзақ қана қатысты, Сағжан денсаулығына байланысты қатыса алмады. Коронавирус соңғы достарымыздың бірі Өмірзақты да алып кетті. Өткен жылы инсульттен Мақсұт дүние салды. Биыл Сағжан да дүниеден озды. Бүтін мен солардан жалғыз қалдым. Енді оларды туыстары мен ұрпақтарынан басқа ешкім еске алмайды. Оларды еске алу жалғыз қалған маған – парыз деп есептеймін.

Ақын Серік Томановтың мына жолдарын келтіруді жөн көрдім: «Ей, тірілер! Өмір жоқ өлім барда. Тілегім сол: соқпасын жолың жарға, Қу тірліктің бағасын білгің келсе, Көз қырыңды салып қой қорымдарға».

Еркін ДӘУЕШҮЛЫ

Еркін Әлжанұлы ҚАСЫМЖАНОВ

Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері, қадірлі қария Еркін Әлжанұлы Қасымжанов 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Еркін Әлжанұлы 1939 жылы Қарқаралы ауданы Темірші ауылында жұмысшылар отбасында өмірге келген. Ауылдың жеті жылдық мектебін бітірген соң, 1953-1957 жылдары Қарқаралы зооветеринарлық техникумында зоотехник мамандығы бойынша оқыды. Оқуын Семей қаласындағы зоотехникалық-ветеринарлық институтында жалғастырған.

Еркін Әлжанұлы көп жыл ауданның ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты.

Еңбек жолын 1957 жылы Қарағанды облысы бұрынғы Ворошилов ауданы Жаңа қала колхозында аға зоотехник болып бастап, 1959-1963 жылдар аралығында Қарқаралы ауданының Жамбыл совхозы қой фермасының меңгерушісі болып еңбек етті.

Еңбек жолын 1963-1965 жылдары Комсомол совхозында жалғастырып, бас зоотехник болды. Іс жүзінде тәжірибе жинақтап, табанды еңбек еткен аптал азамат білімін шындауға да көңіл бөліп, 1965-1966 жылдары Алматы қаласы жоғарғы мектебінде зоотехник-бонитер мамандығы бойынша дәріс алды.

Еңбек ауылында 1966-1968 жылдары бас зоотехник болып еңбек еткен соң, 1968-1971 жылдар аралығында Нұркен Әбдіров атындағы совхоздың партком хатшысы болып қызмет етті. Осы жұмысты лайықты атқарған білікті басшының қызметі жоғарылап, 1971-1974 жылдар аралығында Қарқаралы ауданының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

1974-1983 жылдарда Ынталы совхозының директоры, 1983-1986 жылдары ауданның ауыл шаруашылығы өнімі инспекциясының бас инспекторы, 1986-1989 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігі төрағасының орынбасары, 1989-2001 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігінің төрағасы, аудандық кеңес орынбасары, аудан әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, ұзақ жылдар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, өңірдің қоғамдық өміріне белсене араласты.

Бар ғұмырын ауданның ауыл шаруашылығының алға басуына арнаған Еркін Әлжанұлы кезінде осы салаға озық талаптарды енгізуге, білікті де білімді мамандарды тәрбиелеуге сүбелі үлес қоса білді. Облыс көлемінде тұңғыш рет жабық алаңда ірі қара мал бордақылау кешенін салып, пайдалануға берді. Суармалы алқаптарды пайдалана отырып, облыста алғашқылардың бірі болып мал азығының берік қорын дайындауға қажырлы еңбек сіңірді. Осы бастамалары арқылы облысқа танымал іскер ұйымдастырушы атанды.

Көптеген шәкірт тәрбиелеп, артынан ерген ізбасарларына әкелік, ағалық қамқорлығын аямады. Ауданның ардагерлер кеңесін басқарған жылдары соғыс және тыл, еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету, ерліктері мен еңбектерін жас ұрпаққа насихаттау ісіне ерекше мән берді.

Отбасында үл өсіріп, қыз тәрбиелеп, немерелеріне қамқоры мен ыстық пейілін төккен аяулы жар, мейірімді әке, сүйікті ата болды. Бір әулеттің ғана емес, өңіріміздің қазыналы қариясы еді.

Саналы ғұмырындағы табанды еңбегі еленип, бірқатар орден-медальдармен марапатталып, «Қарағанды облысының Құрметті ардагері», «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Асыл болмысты ардагер, қадірлі ақсақалымыз Еркін Әлжанұлының отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Еркін ағамыздың аяулы бейнесі әрдайым жүрегімізде сақталады.

Ә.АРҒЫНОВ, С.ОСПАНОВ, Д.ЖИЕНБАЕВ, Б.ТОҚМУРЗИН, Д.ОМАРОВ, А.АПЕНДИНА, О.ЖҮКІБАЕВ, С.ӘЛИУЛЫ

Қоғамдық тыңдаулар

2024 жылдың 25 қаңтары мен 7 ақпаны аралығында <https://ecoorportal.kz> бірыңғай экологиялық порталының web-сайтында «Балық шаруашылығы қызметінің биологиялық негіздемесі және 2024 жылдың 1 шілдесіне шекті рұқсат етілген деңгей, Есіл су қоймасының (Осакаров ауданы), Ынтымақ «Теміртау ГООР» мемлекеттік мекемесіне бекітілген су қоймалары және бөлім бөгеттері бойынша 2025 жылғы 1 шілде №1 Покорное елдімекенінде (Бұқар жырау ауданы) жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Бастамашы: «Теміртау қалалық аңшылар мен балықшылар қоғамы». ҚБ Мекенжайы: 101403 Теміртау к., 6 шағын ауданы, 6-үй. Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: +7 7213 41 52 28. Жоба материалдарымен ecoorportal.kz сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Әзірлеуші: Теміртау к. «Қазақстанның жабайы табиғаты» ЖШС.

Общественные слушания

В период с 25 января по 07 февраля 2024 года на сайте ЕЭП <https://ecoorportal.kz> планируется проведение общественных слушаний по проекту: «Биологическое обоснование рыбохозяйственной деятельности и ПДУ на 01 июля 2024 года по 01 июля 2025 года на водоемах, закрепленных за ООО «Темиртауское ГООИР» водохранилища Ишимское (Осакаровский р-н), Интумаское и плотина отд. № 1 с. Покорное (Бухар-Жырауский р-н)».

Инициатор: ООО «Темиртауское городское общество охотников и рыболовов».

Адрес: 101403 г. Теміртау 6 мкр. 6 д. Контакты, по которым можно получить дополнительную информацию тел: +77213415228. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте ecoorportal.kz в разделе «Общественные слушания».

Разработчик: ТОО «Живая природа Казахстана» г. Теміртау.

№14



Электрондық

пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

43-21-55



• БҮРКІТ ЫСҚАҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Елін сүйген ердің ізі

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен қазақ поэзиясында, балалар әдебиетінде өзіндік із қалдырған Бүркіт Ысқақовтың есімін аға буын үлкен құрметпен атайды. Биыл Бүркіт Ысқақовтың туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми кітапханасында «Елін сүйген ердің ізі» атты кітап көрмесі қойылды. Көрме аясында оқырмандар арасынан «Қарағанды Бүркіт Ысқақовты оқиды» акциясы да ұйымдастырылды. Кітапханаға келген оқырмандар, каламгердің өмірі мен шығармашылығымен танысып, өлеңдерін оқи алады.

Бүркіт Ысқақов – әдебиетіміздегі іргелі каламгер. Оның қаламынан туған туындылар оның өз заманының үні болғанын танытардай, әрі көркемдік бояуы қанық ерекше туындылар санатында. Сондықтан да, болашағының бағдарын, кешегісі мен бүгінгінің салмағын даралап та саралайтын ұрпақ үшін Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасын тану – парыз.

Бүркіт Ысқақов – 1924 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көкмөлір ауылында туған. 1948 жылы қызмет істей жүріп, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетін, 1951 жылы Ұлттық ғылым академиясының аспирантурасын бітірген. 1951-1956 жылдары жеке басқа табынушылықтың зардабын шеккен. Ол 1951-1953 жылдардағы «Космополитизм мен ұлтшыл-буржуа-

зияшыларға қарсы күрес» деген ұранмен жүргізілген репрессия тырнағына түсіп, қуғын-сүргінге ұшыраған Е.Бекмаханов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайыловтармен бірге тұтқындалып, Жезқазған өңіріндегі әйгілі «Степлагке» айдалған. 50-жылдары Қазақстанның Жоғары оқу орындарында оқитын бір топ жастар сталиндік тоталитарлық жүйеге қарсы «ЕСЕП» – «Елін сүйген ерлер партиясын» құрады.

Бүркіт Ысқақовтың «Тас еденнің ызғары...» атты өлеңдер циклі оның абақтыда отырып, айдауда жүрген кезінде жазылған. Отыз жылдан кейін «Үзілмей жібі үміттің...» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде бірнеше өлеңі жарық көрді.

Аталған көрмеден ақынның «Шабыт шуағы» (1984), «Әлімнің әлегі» (1987), «Өлеңді жырлар» (1988), «Қапаста жазылған хаттар» (1992), «Қазақ бала-



лар поэмасының антологиясы» (2011), «Бұл менің көз жасым ғой, қан аралас» (2014), «Атаның сөзі – ақылдың көзі» (2014) т.б. кітаптары мен мерзімді басылымдарда шыққан мақалаларын кездестіре аламыз.

Бүркіт Ысқақовтың сондай елеулі шығармаларының бірі – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?». Өлеңмен жазылған ертегінің негізінде құрылған шығарма. Осы шығарманың негізіне сүйене отырып, Бүркіт Ысқақовтың досы, жерлесі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген өнер қайраткері Бүркіт ағаның Әбен Хайдаров «Қарлығаштың

құйрығы неге айыр?» мультфильмін 1966 жылы шығарды. Бұл – қазақ киноөнері тарихындағы тұңғыш мультфильм болатын. Осы фильм бұрынғы бүкілодақтық байқауларда бірнеше жүлделі орындарға ие болып, 1975 жылы Американың Нью-Йорк қаласында өткен халықаралық байқауда да сыйлық алған. Бүркіт Ысқақовтың өлеңдері орыс, өзбек, түрікмен, татар және басқа да тілдерге аударылған.


Сандуғаш ТЕШЕКБАЕВА,
өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы
Суретті түсірген автор

• ЖӘДІГЕР

Мұражай экспонатпен толықты

Балқаш тарихи-өлкетану музейі – халқымыздың жылынамыс іспетті. Онда сактар мен ғұндар дәуірінен бастап, түрік қағанатымен жалғасқан қазақ хандығының және тәуелсіз Қазақстанның өткені мен бүгінгі тарихын баяндайтын небір құнды экспонаттар қойылған. Көрме залдарында әр кезеңді көз алдыға әкелетін көне жәдігерлер мен фотосуреттер, залдан орын тепкен.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жақында мұражай тағы да бір жәдігермен толықты. Балқаштық білікті дәрігер Нина Васильевнаның немересі Иван Гончаров әжесінің қан қысымын өлшейтін құралы сфигмоманометрді мұражайға тапсырды.

– Менің әжем 35 жыл бойы тек бір гана ауруханада еңбек етіп, сол мекемеден зейнетке шыққан ақ халатты абзал жан. Білікті дәрігер Нина Васильевнаны балқаштықтар жақсы біледі. Әлі есімнен кетпейді. Бұл құралмен әжем көршілердің қан қысымын өлшеп беретін. Көршілерімізде жүрек-қантамыр ауруларымен ауыратын адамдар көп болатын. Сонда әжем осы арнайы құралдың көмегімен өлшеп, қалай емделуге кеңес беретін, – дейді дәрігердің немересі Иван Гончаров.

Айта кетейік, сфигмоманометр 1962 жылы Ленинград қаласындағы Красновардеец зауытында жасалған екен.

БАЛҚАШ
Суретті түсірген автор

• БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ


Тағдырдан тамыр тартқан

Қарағандының іргесіндегі саяси тұтқындарға арналған Қарлаг лагерінде өз заманының ұлы тұлғалары қамауда болған. Солардың бірі – Александр Чижевский еді. Ол – ғалым, биофизик, ақын, өнертапқыш және дарынды суретші. 1939 жылы Нью-Йоркте өткен ғалымдардың халықаралық конгресінде Александр Чижевский «XX ғасырдың Леонардо да Винчии» деген атақ алған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен ғасырдың бірінші жартысындағы сталиндік репрессия Александр Чижевскийді де айналдырған. 1942 жылы тұтқындалып, Солтүстік Оралға жіберілген. Содан кейін Қарлағқа ауыстырылды. Қарлағта жүріп те ғылыми-зерттеумен айналысқан. Жер астындағы кеншілердің денсаулығын жақсартуға арналған иондық әсері бар аспаптарды да осы Александр Леонидович ойлап тапқан.

Оның суреттері – өнер әлемінің баға жетпес мұрасы. 9 картинасы Қарағандыдағы облыстық бейнелеу өнері музейінде сақталған. Барлығы дерлік акварельмен салынған. Қылқалам шебері көбіне табиғат пейзаждарын бейнелеген. Дала мен ормандағы күздің, қыстың бейнесін салу арқылы қапаста камалғандардың бостан-



Суреттер Бейнелеу өнері мұражайынан

дыққа деген аңсарын жеткізгісі келгендей. Ол – табиғатты адам мен ғаламның үйлесімі деп білген. Көзін арбаған шексіз

кеңістікті қиялындағы түске бояған. Назарларыңызға Александр Чижевскийдің картиналарын ұсынамыз.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

«Әсем әнім сырнайдай...»

Жуырда Саран қаласы мәдениет үйінің ұжымы жылашар маусымына арнап, кеш өткізді. Онда мәдениет үйі жанында жұмыс істейтін шығармашылық құрам мен жеке орындаушылар өнер көрсетіп, жиылған жұртты әуезді күйге бөледі.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала халқының біршамасы жиналып, сазды кештің сөніне айналды. Тіпті, көрермен қауым әншілерге қосыла ән шырқап, ырғаққа еріп, билеп те жатты. Бір айта кетерлігі «Креатив» вокалды-инструменталды ансамблінің орындаған туындылары үлкенкішінің көңілінен орын ала бді. Атап айтсақ, табиғи дауысы мен сахна сырны қанық әнші, сазгер Ерлос Максұтбектің «Іңкәрім-ай» әні залды бір тебірентіп салды. Сонымен қатар, талантты ақын әрі әнші Жанболат Бабақовтың орындауындағы атақты Виктор Цойдың «Звезда по имени солнце» туындысы көрерменге жаңаша әсер қалдырғандай. Себебі ән орындау шеберлігі өзгеше, әрі тыңдаушыны бірден баурап алардай еді.

– Концертке атсалысқан әншілерге, сазгерлерге ерекше ықыласымды білдіре отырып, алғыс айтамын. Қала халқына көңіл бөліп, мәдени тұр-



де демалып, бойымыз сергіп қалды. Тіпті, ән де шырқап, би де биледік, – деді қала тұрғыны Тимур Оралов. Аталған шығармашылық ұжымның жетекшісі Аян Тәжімүліковтің де өте тәжірибелі күйші ұзақ жылдан бері шәкірт тәрбиелеп келе жатқан ұлағатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы екенін айта кеткен жөн. Бұл аз десеніз, ол тағы бірнеше музыкалық аспапта ойнайтын көрінді. Концерт барысында ол гитара, пианино сияқты күрделі аспаптармен түрлі әуенді сахнаға шығарды. Кеш соңында актоғайлық дарын Ер-

лос Максұтбектің кең тынысты дауысына тәнті болған көрермендер тамсана түсті. Тіпті, қарағандылық әншіден қолтаңба алып, онымен бірге естелікке суретке түсіп жатты. «Шын өнердің шынайы бағалануы осындай-ақ болсын» дейді сахнаға шыққан әншілер. – Дүйім жұрт осылай қолдау бергенде өнеріміздің өресіз еместігін білеміз. Жалпы, біздің қоғам өнерді аса бағалайды әрі талғамдары да жоғары. Мұны мойындау керек, – деді әнші Ерлос Максұтбек.

Сурет ұйымдастырушылардікі

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Пусанда өнер көрсетеді

Алматы қаласында үстел теннисінен Қазақстан чемпионаты өтті. Жарыс қорытындысында, үздік атанған Қарағанды құрамасының екі өкілі Алан Құрманғалиев пен Зауреш Ақашева ақпан айында Оңтүстік Кореяда өтетін Әлем чемпионатына жолдама алды.

Ұлдар арасында Қарағанды облысының құрама командасы Алматыны 3:2 есебімен тізе бүктіріп, жеңіс тұғырынан көрінді. Ал, қарағандылық қыздар құрамасы да алматылықтарды 3:1 есебімен айқын жеңді.

Сонымен қатар, жеті күн ішінде Астана, Алматы, Шымкент және еліміздің облыстарының спортшылары арасындағы тартысты жекпе-жектерде ең мықтылар анықталды.

Жеке есепте ұлдар арасында I орынға Алан Құрманғалиев (Қарағанды), II орынға Айдос Кенжеғұлов (Алматы), III орынға Санжар Жұбанов (Алматы) пен Искандер Харки (Жамбыл) ие болды.

Қыздар арасында I орын Сарбиноз Миркадиноваға (Алматы), II орын Зауреш Ақашеваға (Қарағанды), III орын Арай Ашкеева (Қарағанды) мен Анель Бахытқа (Алматы) бұйырды.

Ұлдар арасындағы жұптық сайыста I орын биігінен Искандер Харки мен Ырысбек Артықметов (Жамбыл-Шымкент), II орын тұғырынан Алан Құрманғалиев пен Владислав Захаров (Қарағанды), III орыннан Айдос Кенжеғұлов пен Сарвар Ирисалиев (Алматы-Шымкент) және Абдулла Мамай һәм Қадірәлі Қабылұахитов (Алматы-Павлодар) көрінді.

Ал, жұптық сайыс бойынша қыздар арасында I орынды Жанар Көшкімбаева мен Анастасия Лаврова (Қарағанды-Астана), II орынды Айя Әлімбаева мен Алсу Сапарова (Алматы-БҚО), III орынды Сарбиноз Миркадинова мен Гузель Торчаева және Назым Серікбай һәм Шахзода Ахмадалиева (Түркістан) жеңіп алды.

Аралас ойындарда I орынға Владислав Захаров пен Анастасия Лаврова (Қарағанды-Астана), II орынға Айдос Кенжеғұлов пен Ангелина Романская (Алматы-Павлодар), III орынға Алан Құрманғалиев пен Сарбиноз Миркадинова (Қарағанды-Алматы) және Дения Жолудев пен Арай Ашкеева (БҚО-Қарағанды) жайғасты.

• ХОККЕЙ

Сан соғып қалды

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубының ел чемпионаты аясындағы ойындары аса көңіл көншітпейді. Өткен жолы «Алматы» клубына есе жіберсе, бұл жолы өз алаңында «Бейбарыстан» айласын асыра алмады. Атыраулықтар 2:3 есебімен басым түсті.

Алғашқы айналымда жалпы үш шайба торға тоғытылды. Есепті алаң иелері ашқанымен, қарсыластар қарап қалмады. Қарағандылықтар сапынан Артемий Грязев 4-ші минутта есеп ашса, араға төрт минут салып, Максим Куншинков, 17-ші минутта Степан Александров есепті еселеді.

Екінші айналымда тек қарсыластардың шайбасы қақпадан саңылау тапты. Атап айтсақ, 22-ші минутта Евгений Королинскийдің соққысы есепті 1:3-ке жеткізді. Үшінші айналымда жерлесердің таразы басын теңестіретін сәті болды. 49-шы минутта Дмитрий Стулов есепті аз да болса, қысқартты. Бірақ, ойын соңына дейін таблодағы есеп өзгермеді.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактордың м.а. – **Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 күрәлі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJKBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 7 тапсырсы. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпмәтәрілік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**